

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ
АКАДЕМИЯСЫ**

**КӘСІБИ ОҚЫТУ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ КАФЕДРАСЫ**



**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАР
БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУДЫ
ҚОЛДАУ»**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Қосшы қаласы, 2025

УДК 343.163

ББК 67.72

Б40

Пікір білдірушілер:

Калиолла Кабаевич Сейтенов – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының бірінші проректоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор

Алуа Саламатовна Ибраева – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, заң ғылымдарының докторы, профессор

ISBN 978-601-82186-3-7

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша мемлекеттік айыптауды қолдау: оқу құралы / Бектен Айболат Саматұлы, Маханов Талғат Ғабитұлы, Куаналиев Ануар Амангельдиевич – Қосшы қ.: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2025 – 116 б.

Бұл оқу құралында бірінші сатыдағы соттарда қаралатын қылмыстық теріс қылық істерінің ерекшеліктері, олар бойынша мемлекеттік айыптауды қолдау барысында прокурордың ескеруі тиіс барлық мән-жайлар

қарастырылған. Атап айтқанда, тағайындалатын жаза түрлері мен оларды қолданудың негіздері, қылмыстық теріс қылық істерін сотта қараудың тәртібі мен ерекшеліктері, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылықтың арасындағы айырмашылықтары, жазадан және жауаптылықтан босатудың негіздері және т.б. мән-жайлар қамтылды.

Оқу құралы тергеушілерге, прокурорларға, профессорлық-оқытушылық құрамға және тәжірибелі заңгерлерге, сондай-ақ құқық қорғау органдарына қызметке алғаш кіретін бастапқы кәсіби даярлық курстарының тыңдаушылары мен заң ЖОО-ның студенттеріне пайдалануға арналған.

Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау
органдары академиясының Оқу-әдістемелік кеңесі
шешімімен басылымға шығаруға ұсынылды (2024
жылғы 4 желтоқсандағы №5 хаттама).

ISBN 978-601-82186-3-7

© А.С. Бектен, Т.Ғ. Маханов,
А.А. Куаналиев, 2025

© Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары
академиясы, 2025

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР.....	6
КІРІСПЕ.....	7
1-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ІСТЕРІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУ НЕГІЗДЕРІ	
1.1. Қылмыстық теріс қылықтардың түсінігі мен мазмұны, жаза тағайындаған кезде ескерілетін мән-жайлар бойынша теориялық көзқарас.....	10
1.2. Қылмыстық теріс қылықтар үшін жаза түрлері. Жазаларды қолдануда кездесетін коллизиялар.....	21
1.3. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың ерекшеліктері.....	56
2-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ІСТЕРІН СОТТА ҚАРАУ БАРЫСЫНДА ОРЫН АЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР	
2.1. Қылмыстық теріс қылық істерін сотта қараудың ерекшелігі.....	65
2.2. Жауаптылық пен жаза көлемі бойынша кейбір қылмыстық теріс қылықтарды әкімшілік құқық бұзушылықтармен салыстыру.....	73

2.3. Қылмыстық теріс қылық істері бойынша хаттама жасау барысында туындайтын қиындықтар.....	80
Өзіндік бақылау сұрақтары.....	84
Тест тапсырмалары.....	88
ҚОРЫТЫНДЫ.....	92
ҚОСЫМША.....	95
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАРКӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	109

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі
БП	Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры
ҚК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ЖС	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
НҚ	Нормативтік қаулы
ӘҚБтК	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі
АЕК	Айлық есептік көрсеткіш
СДТБТ	Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі

КІРІСПЕ

Қылмыстық теріс қылықтар туралы іс сотқа түскен күннен бастап оның қаралуы барысында қылмыстық-процестік заңнаманың, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары талаптарының сақталуына, іс бойынша әділ, негізді және заңды шешім қабылдануына, сот отырысында және сот актілерінде анықталған заң бұзушылық фактілеріне прокурорлық қадағалау жасап, дер кезінде ден қою актілерін енгізу қажет.

Прокурор дәлелдемелерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады, сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды. Оған қоса сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза тағайындау туралы ұсыныс айтады.

Қылмыстармен салыстырып қарағанда, қылмыстық теріс қылықтар жауаптылығы мен жазасы, мерзімдері мен жеңілдігі жағынан едәуір ерекшеленеді. Бір сөзбен айтқанда, теріс қылықтар әкімшілік құқық бұзушылықтардан жоғары, қылмыстардан төмен болып келеді.

Сондықтан мемлекеттік айыптауды қолдау аясында қылмыстық теріс қылықтарға қатысты заңнама нормалары әлі де жетік зерттеліп, сот тәжірибесіне талдау жүргізу нәтижесімен жетілдіруге жатады.

Оқу құралының мақсаты – қылмыстық теріс қылық істері бойынша мемлекеттік айыптауды қолдау ерекшеліктерін белгілеу.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- қылмыстық теріс қылықтардың түсінігі мен мазмұнын ашу;

- қылмыстық теріс қылықтар үшін жаза түрлері мен оларды қолдануды белгілеу;

- қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату негіздерін түсіндіру;

- қылмыстық теріс қылық істерін сотта қарау барысында орын алатын мәселелерді қарастыру.

Оқу құралының теориялық және практикалық маңыздылығы мынада: бірінші рет қылмыстық теріс қылық істері бойынша мемлекеттік айыптауды қолдаудың ерекшеліктерін жан-жақты талдауға әрекет жасалған, оның ішінде қылмыстық теріс қылықты жік-жікке бөле отырып, кестелер мен сызбалар түрінде түсіндіру көзделеді.

Осы оқу құралы мемлекеттік айыптаушыларға тәжірибелік көмек көрсету мақсатында әзірленді. Әсіресе қызметке енді кіріскен жас мамандарға қылмыстық теріс қылық істерін сотта қарау мен соттың актісі заңды күшіне енгенге дейінгі кезеңдерінің егжей-тегжейлі мән-жайлары мен ерекшеліктері түсіндіріледі.

Оған қоса бұл құралды тергеушілер, прокурорлар, профессорлық-оқытушылық құрам және заңгерлер, сондай-ақ заң факультетінің студенттері де пайдалана алады.

1-ТАРАУ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ІСТЕРІ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Қылмыстық теріс қылықтардың түсінігі мен мазмұны, жаза тағайындаған кезде ескерілетін мән-жайлар бойынша теориялық көзқарас

Мемлекеттік айыптауды қолдау түсінігі

Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабына сәйкес, «прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады»¹.

ҚПК-нің 3-бабының 28) тармағына сәйкес, «мемлекеттік айыптау – прокурордың бірінші және апелляциялық сатыдағы соттағы, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту мақсатында

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы: Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

айыптауды дәлелдеуден тұратын процестік қызметі»¹ болып табылады.

Мемлекеттік айыптауды қолдау саласы бойынша прокурордың қызметін ұйымдастыру мәселелері БП-ның 2023 жылғы 12 маусымдағы №122 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет мүдделеріне өкілдік етуді және заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта» көрсетілген.



«Жекеше айыптау істерін қоспағанда, прокурордың мемлекеттік айыптаушы ретінде бас сот талқылауына қатысуы міндетті»² (ҚПК-нің 337-бабының 1-бөлігі).

«Прокурор дәлелдемелерді ұсынады және оларды зерттеуге қатысады. Сотқа айыптаудың мәні бойынша, сондай-ақ сот талқылауы кезінде туындаған басқа да мәселелер бойынша өзінің пікірін баяндайды. Сотқа қылмыстық заңды қолдану және сотталушыға жаза тағайындау туралы ұсыныс айтады»³ (ҚПК-нің 337-бабының 4-бөлігі).

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

² Сол жерде

³ Сол жерде

**Қылмыстық теріс қылықтар туралы істерді
сотта қараған кезде прокурордың қатысуы
міндетті (ҚПК-нің 529-бабының 5-бөлігі)**

Қазіргі таңда тәжірибеде мемлекеттік айыптаушылардың қылмыстық теріс қылық істері бойынша сот отырысына қатысуы кезінде көптеген мәселелер туындап отыр.

Қылмыстық теріс қылық ұғымы

Қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарай есептегенде тұлғаның азаматтық-құқықтық, материалдық, тәртіптік, әкімшілік-деликттік және қылмыстық жауаптылықтары бар екені баршаға мәлім.

Қылмыстық жауаптылықтың өзі «қылмыстық теріс қылықтың» және «қылмыстың» жасалуына байланысты екіге бөлінеді. Оларды бір-бірінен құқыққа қайшылық, қоғамға қауіптілік, кінәлілік және жазаланушылық дәрежесіне байланысты ажыратады¹.

Қылмыстық теріс қылық ұғымы алғашқы рет 2014 жылғы 3 шілдеде жаңадан қабылданған ҚК-де бір мезгілде пайда болды және бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді.

¹ Сейтенов К.К. Понятие уголовного правонарушения в законодательстве Республики Казахстан: современное состояние и перспективы развития // Правовое государство: теория и практика. 2022. №3 (69). – С.165-170


ҚК-нің 4-бабына сәйкес, «қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау, яғни ҚК-де көзделген қылмыс не қылмыстық теріс қылық құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі болып табылады»¹.



Сонымен бірге «қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, жеке адамға, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке болмашы зиян келтірген не зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады»² (ҚК-нің 10-бабының 3-бөлігі).

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² Сол жерде.



Ғалымдардың ойынша, «барлық айрықша белгілердің ішінен түсіну және практикалық анықтау үшін ең қиыны – қоғамдық қауіптілік белгісі. Ал ол қылмыстық теріс қылықты қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтан ажырату үшін есепке алынады»¹.

С.М. Рахметовтің пікірінше, «қылмыстық теріс қылықтың қылмыс сияқты, қоғамға қауіптілік белгісі бар. Тек қоғамдық қауіптіліктің сипаты мен дәрежесі бойынша қылмыс қылмыстық теріс қылықтан гөрі қоғамдық қауіпті»².

Сонымен «қылмыстық теріс қылық» институты «қылмыс» институты мен «әкімшілік

¹ Уголовные проступки в системе правонарушений Республики Казахстан: теоретические, правовые и организационные аспекты: Монография / [Коллектив авторов]. Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК. – Косшы, 2020. – С.77.

² Рахметов С.М. Понятия преступления и уголовного проступка в законодательстве Республики Казахстан // Система «Юрист».
https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38244881&pos=6;-111#pos=6;-111

құқық бұзушылық» институты арасындағы аралық жағдайды иеленеді. Салааралық байланыстардың болуымен сипатталады. Шағын немесе төменгі дәрежедегі қылмыстық жазаланатын әрекеттерді қамтиды деп санаймыз.

Бірнеше рет жасау, сыбайлас қатысып жасау, тұрғын үй-жайға заңсыз кіру

«Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ЖС-ның 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 НҚ-ның 2-тармағына сәйкес, «қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасау ҚК-нің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабында немесе бабының белгілі бір бөлігінде қаралған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтарды белгілі бір адамның жасауын көздейді. Алайда, қылмыс пен қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасауды құрамайды»¹.



«Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы ҚК-де неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары ҚК-нің Ерекше бөлігінің қылмыстық

¹ Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 нормативтік қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000011S_

теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады»¹ (ҚК-нің 12-бабының 5-бөлігі).

Теріс қылықтарды сыбайласып жасағандығы (адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобы) үшін жауаптылық көзделмеген, сонымен бірге баптардың барлығы бір ғана адамның жасауын белгілейді. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кездегі секілді әрбір адамға бөлек хаттама жасалады.

Бұл жөнінде, А.С. Нұрхан «сыбайласып жасаған ұсақ-түйек жымқыруды соттар ауырлатушы мән-жайлар ретінде ескермейтіндігін»² атап өткен болатын.

Оған қоса, «қылмыстық теріс қылық жасау:

- қайталануды тану кезінде ескерілмейді;
- оқталғаны үшін жауаптылыққа тартылмайды;
- соттылыққа әкеп соқпайды;
- қылмыстағы жиынтықты құрамайды» ³ .

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² Нұрхан А.С. Қылмыстық теріс қылықтар үшін көзделген жазалар жүйесі: заманауи жағдайы мен даму үрдістері / философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Астана, 2023. – 130 б.

³ Рустемова Г.Р. О категории «уголовный проступок» в правоприменительной деятельности Республики Казахстан // Модернизация уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства в условиях цифровой трансформации общества: Сборник материалов международного круглого стола (19 мая 2022 года) Коспи: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2022. – С.29.

Бір жағынан тәжірибеде оның мынадай проблемалары да кездеседі. Кінәлі тұлғаға қатысты ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігінің 1) тармағымен (бөтеннің мүлкін адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасырын ұрлау) тағылған айып сотта ҚК-нің 187-бабының 1-бөлігіне (бөтеннің мүлкін болмашы мөлшерде ұсақ-түйек жымқыру) қайта сараланатын болса, онда адамдар тобының алдын ала сөз байласу қылмыс белгісі автоматты түрде алынып қалады. Себебі, заңнамада қылмыстық теріс қылықтарды адамдар тобымен жасау көзделмеген.

Мысалы, 2018 жылы А. адамдар тобында С.-мен алдын ала сөз байласу арқылы, қасақана пайдакүнемдік ниетпен, бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау мақсатында, еркін қол жеткізу арқылы Қ.-ға тиесілі шаруа қожалығының жалпы сомасы 8000 теңгені құрайтын бір қабы 2000 теңге тұратын 4 қап астық қалдықтарын жасырын ұрлап әкеткен. Сөйтіп, Қ.-ға жалпы сомасы 8000 теңгені құрайтын елеулі материалдық залал келтірген¹.

Бірінші сатыдағы соттың 2022 жылғы үкімімен А-ның іс-әрекеті ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігінің 1) тармағынан осы баптың 187-бабының 1-бөлігіне қайта сараланып, оған 60 сағат қоғамдық

¹ Қостанай облыстық сотының мұрағатынан, 2022 ж.
<https://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml>

жұмыстарға тарту түріндегі жаза тағайындалған.

Бұл жерде іс-әрекет екі адаммен жасалғанына қарамастан, қылмыстық теріс қылыққа ауыстырылған кезде, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы белгісі бапта көзделмегендіктен алынып қалады.

Оған қоса теріс қылықтарда іс-әрекетті тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасау белгісі де көзделмеген. Жоғарыда атап өтілген мысал секілді жасырын ұрлау қылмысы болмашы мөлшердегі ұсақ-түйек жымқыруға қайта дәрежеленген жағдайда да тұрғын үй-жайға заңсыз кіру белгісі алынып қалады.

Жаза тағайындаған кезде ескерілетін мән-жайлар

«Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» ЖС-нің 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 НҚ-ның 28-тармағының талабына сәйкес, «қылмыстық-жазаланатын әрекеттерді әкімшілік теріс қылықтан ажырату мақсатында, экологиялық құқық бұзушылық құрамын сипаттайтын барлық мән-жайларды анықтауға, атап айтқанда, оның жасалу әдісіне, құқыққа қайшы жасалған әрекеттің салдарларына, келтірілген экологиялық зиянның немесе экологиялық залалдың мөлшеріне, өзге де мән-жайларға, егер кінәлі адамның әрекеті бір мезгілде

қылмыстық, сондай-ақ әкімшілік заңдардың күшін қолдануға жататындығын ескере отырып, ҚПК-нің 19-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қарастырыла алмайтынына ерекше назар аударған жөн»¹.

«Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» ЖС-ның 2011 жылғы 29 маусымдағы №3 НҚ-ның 6-тармағына сәйкес, «ҚК-нің 345, 346, 348, 349, 351-баптарының диспозицияларының бланкеттік сипатын ескере отырып, күдіктінің әрекетін саралау туралы қаулыда, айыптау актісінде (қылмыстық теріс қылық туралы хаттамада, бұйрық арқылы іс жүргізуді қолдану туралы қаулыда), сот үкімінде (қаулысында) кінәлі адамның жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерінің бұзылған тармағына сілтеме жасай отырып, ережені бұзған әрекеттерінің мазмұны ашылып көрсетілуі тиіс»².

¹ «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000001S_

² «Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы №3 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P110000003S>

Орын алған қоғамдық қауіпті зардаптармен себепті байланысы жоқ жол қозғалысы немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу (мысалы, жүргізушіде жол-көлік оқиғасы кезінде жүргізуші куәлігінің болмауы) аталған қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағын құрай алмайды және айыптаудан алынып тасталуға тиіс.

«Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» ЖС-ның 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 НҚ-ның 16-тармағының 3-абзацына сәйкес, «егер қазаға ұшырату жасалған қылмыстық теріс қылықты жасыру немесе оның жасалуын жеңілдету мақсатында жасалса, ол ҚК-нің 99-бабы 2-бөлігінің 10) тармағында көзделген белгі бойынша саралануы мүмкін емес. Өйткені бұл саралау белгісі басқа қылмысты жасыру немесе оның жасалуын жеңілдету мақсатында жасалған адам өлтіру кезінде ғана орын алуы мүмкін»¹.

¹ «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 Нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S_

1.2. Қылмыстық теріс қылықтар үшін жаза түрлері. Жазаларды қолдануда кездесетін коллизиялар

Қылмыстық теріс қылықты қылмыстық құқық бұзушылықтан тек ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі нақты баптардың санкцияларында көзделген жаза түрлеріне қарап ғана ажыратуға болады.

Атап айтқанда, ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі нақты баптарда қылмыстық құқық бұзушылықтың қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық екенін нақтылайтын норма жоқ.

Бір баптың өзінде теріс қылық та, қылмыс та кездеседі. Олар баптардың әр бөліктерінде бөлек орналасқан.

ҚК-нің 40-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға мынадай негізгі жазалар қолданылуы мүмкін»¹:

айыппұл


түзеу жұмыстары

қоғамдық жұмыстарға тарту

қамаққа алу


шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу

Қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалған жазалардың жай-күйін талдамас бұрын, тіркелген осы санаттағы істердің динамикасын қарастыру керек. Мәселен, соңғы 5 жылда СДТБТ-ға барлығы 112197 қылмыстық теріс қылықтар тіркелген. 2019 жылға қарағанда 2023 жылы тіркелген қылмыстық теріс қылықтардың саны 26%-ға төмендеген (1-диаграмманы қараңыз).




1-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы тіркелген қылмыстық теріс қылықтар саны.

Сонымен қатар 2023 жылы барлығы 19430 қылмыстық теріс қылықтар туралы істердің 6308 немесе 32,4%-ы ғана сотқа жолданған. Алайда бұл көрсеткіш 2019 жылы 41%-ды құраған болатын (2-диаграмманы қараңыз).




2-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотқа жолданған қылмыстық теріс қылықтар туралы істер саны.

Соңғы 5 жылда барлығы 9625 адамға қатысты қылмыстық теріс қылықтар туралы істер тоқтатылған, оның ішінде 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 1158 адамды құрап, яғни 65%-ға төмендеген (3-диаграмманы қараңыз).



3-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотпен тоқтатылған қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша адамдар саны.

Сонымен бірге 5 жылда барлығы 1066 адам аталған санаттағы істер бойынша ақталса, оның ішінде 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 188 адамды құрап, 18%-ға төмендегенін көрсетті. 5 жылдағы ақталған адамдар саны 2022 жылы ең жоғары көрініс тапты (4-диаграмманы қараңыз).



4-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотта қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша ақтау үкімдері шыққан адамдар саны.

Статистикалық мәліметтер тіркелген, оның ішінде сотқа жолданған қылмыстық теріс қылықтар санының жыл сайын төмендеп отырғанын байқатты. Тиісінше, сотта қылмыстық теріс қылықтарды жасаған адамдарға қатысты

істерді тоқтату туралы қаулылар мен ақтау үкімдері де төмендеген.

Оған қарамастан, қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын жекелеген жаза түрлері де осындай динамиканы көрсетіп отыр.

Айыппұл

Қылмыстық құқық бұзушылықтар, оның ішінде қылмыстық теріс қылықтар үшін тағайындалатын айыппұл түріндегі жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, қылмыстық саясаттың ізгілендіру бағытын жүзеге асыру, мемлекеттің қазынасын толтыру үшін өте маңызды.



«Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – АЕК-нің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін АЕК-нің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде белгіленеді»¹.

Айыппұл белгіленген мерзімде төленбеген кезде сот үкімі (қаулысы) мәжбүрлеп орындауға жатады.

Айыппұлдың төленбеген бөлігі қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – төленбеген 1 АЕК үшін қоғамдық жұмыстардың 1 сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тартумен не

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>


төленбеген 4 АЕК үшін қамаққа алудың 1 тәулігі есебімен қамаққа алумен ауыстырылады.

Жалпы айыппұл тағайындау кезінде сот сотталған адамның мүліктік және отбасылық жағдайын, оның жалақы немесе өзге де кіріс алу мүмкіндігін ескере отырып айқындайды.

Дәл осындай мәселеге қатысты заңгер-ғалымдар сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін параның еселенген сомасы мөлшерінде айыппұл салу жазасын сынға алды. Айыппұлды төлемеген кезде өзге жаза түріне ауыстырудың даулы мәселесін көтеріп, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін санкциялардың шегін жаза түрлері мен олардың шекараларының шарттылығы мен негізділігі тұрғысынан қайта қарау қажеттігін ұсынды¹.

Мысалы, соңғы 5 жылда барлығы 9540 адамға айыппұл түрінде жаза тағайындалған. Оның ішінде 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 1802 адамды құрап, 38,9%-ға төмендегенін көрсетті. 5 жылдағы ең төменгі айыппұл салынған адамдар саны 2022 жылы көрініп тұр (5-диаграмманы қараңыз).

¹ Карипова А.Т., Маханов Т.Г. Анализ санкций уголовно-правовых норм, установленных за коррупционные преступления по уголовному законодательству Республики Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2019. №3 (57). – С.92.



5-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотта қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша айыппұл салу жазасына тартылған адамдар саны.

Айыппұл салу жазасына қатысты ҚК-нің 366-бабы мен ӘҚБтК-нің 667-бабының арасында құқықтық қарама-қайшылық (коллизия) бар екенін атап өткен жөн.



ҚК-нің 366-бабының ескертуінде «егер сыйлықтың құны екі АЕК-ден аспаса, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамның бірінші рет сыйлық түрінде мүлікті, мүлікке құқықты немесе өзге де мүліктік пайданы алуы бұрын жасалған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алдын ала уағдаластық болмаған кезде маңызы аз болуына байланысты қылмыс болып табылмайды және

тәртіптік немесе әкімшілік тәртіппен қудаланады»¹ деп көрсетілген.

Бұл әрекетті жасаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері қылмыстық айыппұл жазасынан да ауыр болып келеді.

Мәселен, ӘҚБтК-нің 677-бабының санкциясында артық та, кем де емес **600 АЕК** мөлшерінде айыппұл салу жазасы көзделген².

ҚК-нің 366-бабының 1-бөлігінің санкциясына сәйкес, сотталушы «мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның **жиырма** еселенгеннен **елу** еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады»³.

2024 жылға бекітілген АЕК мөлшері 3692 теңгені құрайды. Ал, екі АЕК – 7384 теңгеге тең.

Пара мөлшеріне жетпейтін 7383 теңге заңсыз материалдық сыйақы алған тұлғаға салынатын әкімшілік айыппұл түріндегі 600 есе АЕК – 2 215 200 теңгені құрайды.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі, 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235>

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

Ал, 7385 теңге параның 20-дан 50 еселенген мөлшеріндегі қылмыстық айыппұл мөлшері 147 700 – 369 250 теңге аралығында салынады (1-кестені қараңыз).

1-кесте. Салынатын айыппұл сомасының мөлшері бойынша қылмысқа қарағанда әкімшілік жазаның ауырлығы туралы.

Құқық бұзушылық түрі	Баптың санкциясында көзделген айыппұл жазасы	Алған заңсыз сыйақы (параның) мөлшері	Салынатын айыппұл мөлшері
ӨҚБТК-нің 677-бабы: заңсыз материалдық сыйақы алу	600 АЕК мөлшерінде	7383 теңге (2 АЕК-тен төмен)	2 215 200 теңге ($600 \cdot 3692 = 2\,215\,200$)
ҚК-нің 366-бабы: пара алу	параның 20 еселенгеннен 50 еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде	7385 теңге (2 АЕК-тен жоғары)	147 700 – 369 250 теңге аралығы ($7385 \cdot 20 = 147\,700$) ($7385 \cdot 50 = 369\,250$)

Бұл жерде де, салынатын айыппұл сомасының мөлшері бойынша қылмысқа қарағанда әкімшілік жазаның ауырлығын көруге болады. Яғни, 44 304 ($2\,215\,200 / 50 = 44\,304$) теңгеге дейін пара алғанда, қылмыс жасаған

тұлғаның жазасы әкімшілік жазадан төмен болады дегенді білдіреді.

Осыған орай, біздің ойымызша, ӘҚБтК-нің 677-бабының санкциясын толықтырулар енгізу арқылы оны келесі нұсқада қарастыру қажет деп санаймыз:

«алты жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады»

Түзеу жұмыстары

Түзеу жұмыстары қылмыстық теріс қылықтар үшін – АЕК-нің 20-дан 200-ге дейінгі шегінде белгіленеді.

Еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда, сотталған адам жазаның қалған бөлігін орындаудан босатылуы мүмкін не орындалмаған бөлік айыппұлмен ауыстырылады.




«Түзеу жұмыстарын орындауға кедергі келтіретін өзге мән-жайлар туындаған жағдайда, олар қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – өндіріп алынбаған бір АЕК үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты, өндіріп алынбаған төрт АЕК үшін қамаққа алудың бір тәулігі есебімен қоғамдық жұмыстарға тартуға не қамаққа алуға

ауыстырылады»¹ (ҚК-нің 42-бабының 5-бөлігінің 1) тармағы).

Тәжірибеде сотталушының жалақысының (ақшалай үлесінің) 10-нан 50 пайызға дейінгісін ай сайын ұстап қалу арқылы түзеу жұмыстарына тарту түріндегі жаза да өте сирек қолданылады.

Мысалы, статистикалық мәліметтерге сәйкес, соңғы 5 жылда барлығы 36 адамға түзеу жұмыстары тағайындалған. Оның ішінде 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 6 адамды құрап, 8 адамға төмендеген, ал 2022 жылы 2 адамға ғана тағайындалған (6-диаграмманы қараңыз).



6-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотта қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша түзеу жұмыстарына тартылған адамдар саны.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

Түзеу жұмыстарына сотталған адам жазасын орындау барысында еңбек қабілеттілігінен айрылса, 2 түрлі құқықтық салдар туындауы мүмкін:


- жазаның қалған бөлігін орындаудан толық босатылады;

- жазаның орындалмай қалған бөлігі айыппұлға ауыстырылады¹.

Қоғамдық жұмыстарға тарту

Қоғамдық жұмыстар қылмыстық теріс қылықтар үшін – 20-дан 200 сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді.

Мысалы, соңғы 5 жылда барлығы 14 770 адам қоғамдық жұмыстарға тартылған. Оның ішінде 2019 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 2079 адамды құрап, қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы 2 есеге төмендеді (7-диаграмманы қараңыз).



¹ Нұрхан А.С. Қылмыстық теріс қылықтар үшін көзделген жазалар жүйесі: заманауи жағдайы мен даму үрдістері / философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Астана, 2023. – 58 б.

7-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотта қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қоғамдық жұмыстарға тартылған адамдар саны.

Қоғамдық жұмыстардан жалтарған жағдайда, олар қылмыстық теріс қылық үшін сотталғандарға – қоғамдық жұмыстардың орындалмаған 4 сағаты үшін қамаққа алудың 1 тәулігі есебімен қамаққа алуға ауыстырылады.

Қоғамдық жұмыстар сотталған адамды оларды өтеу уақыты кезінде негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерін орындаудан босата отырып не оқудан бос уақытында күніне 4 сағаттан асырылмай өтеледі.



«Қоғамдық жұмыстарға тарту жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдерге, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға, әскери қызметшілерге тағайындалмайды»¹ (ҚК-нің 43-бабының 3-бөлігі).

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

Қамаққа алу

Қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған не ауыстырылған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан оқшаулауды білдіреді.

Қамаққа алу 10 тәуліктен 50 тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.



Бұл жаза «кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас баласы бар немесе оны тәрбиелеп отырған әйелдерге, жас баланы жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға тағайындалмайды және жазаны ауыстыру ретінде қолданылмайды»¹ (ҚК-нің 45-бабының 3-бөлігі).

Әскери қызметшілер қамақта болуды гауптвахтада өтейді.


Жазаны ауыстыру кезінде қамаққа алу мерзімі ҚК-нің 45-бабында белгіленген ең төменгі шектен төмен болуы мүмкін.

ҚК-нің 467-бабының 1-1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін тағайындалатын «қамаққа алу» түріндегі жазаның

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

қолданылуы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылған.

Бүгінгі күнге дейін арнайы қамау орындары болмағандықтан қамаққа алу жазасы қолданылған жоқ. Айта кететіні, статистикалық есепте тек гаупвахтаға жабылған адамдардың ғана мәліметі көрсетілген, яғни соңғы 5 жылда 14 адам ғана қамаққа алынған (8-диаграмманы қараңыз).



8-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотта қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша гаупвахтаға жабылған адамдар саны.

Ал, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарға әкімшілік қамаққа алу жазасын тағайындау ешқандай қиындық тудырмайды. Өйткені, әр ауданда полиция бөлімшелері жанынан осы жазаны орындайтын арнайы қамау орындары ашылған.

Қосымша жазалар

«Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар:

мүлкін тәркілеу;
арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
ҚР-дың азаматтығынан айыру;
шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-дың шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін» ¹ (ҚК-нің 40-бабының 3-бөлігі).

Қосымша жазалар қылмыстық теріс қылықтар не қылмыс үшін деп бөлінбейді, себебі заң шығарушы екі санатқа да ортақ көздеген.

Тәжірибеде көп қолданылатын қосымша жазаларға тоқталып өтелік.

Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру


Осы қосымша жаза мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында белгілі бір лауазымдарды атқаруға

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

не белгілі бір кәсіптік немесе өзге де қызметпен айналысуға тыйым салудан тұрады.

Мерзімі – 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, соңғы 5 жылда барлығы 3861 адамға белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған. 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы, яғни 1 жыл ішінде жазаға тартылғандар саны 10 есеге төмендеген (9-диаграмманы қараңыз).



9-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотта қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тағайындалған адамдар саны.



ҚК-нің 345-1-бабының 4-бөлігінде және 346-бабында көзделген көліктік қылмыстарды жасағаны үшін белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру көлік құралын басқару құқығына өмір бойына тыйым салудан тұрады.

Аталған қосымша жаза түрі, «егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін»¹ (ҚК-нің 50-бабының 3-бөлігі).

Қамаққа алуға қосымша жаза ретінде осы жазаны тағайындау кезінде, ол негізгі жазаны өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл ретте оның мерзімі қамаққа алу өтелген кезден бастап есептеледі.

Сондай-ақ, басқа негізгі жаза түрлеріне қосымша жаза түрі ретінде тағайындалған жағдайда, оның мерзімі үкімнің заңды күшіне енген кезінен бастап есептеледі.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

*Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды
Қазақстан Республикасының шегінен шығарып
жіберу*

Бұл қосымша жаза адамның ҚР-дың аумағына кіруіне 5 жыл мерзімге тыйым салуды белгілей отырып, мәжбүрлеу тәртібімен орындалады.




«Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу – қосымша жаза түрі ретінде, ал қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін негізгі де, қосымша да жаза түрі ретінде тағайындалуы мүмкін»¹ (ҚК-нің 51-бабының 2-бөлігі).

Сот осы жаза түрін қосымша жаза ретінде тағайындаған кезде бұл негізгі жаза түрі өтелгеннен кейін орындалады.

Мысалы, соңғы 5 жылда барлығы 114 адам Қазақстан Республикасының шегінен шығарылып жіберілген. Ал, 2022 және 2023 жылдары бұл жаза ешбір сотталушыға тағайындалмаған (10-диаграмманы қараңыз).

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>



10-диаграмма. 2019-2023 жылдардағы сотта қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу тағайындалған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адамдар саны.

Қазіргі кезде сот тәжірибесінде кейбір облыстарда қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған шетел азаматтарына негізгі жазамен қоса қосымша жаза ретінде Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылып келеді.

Алайда, жоғары тұрған соттармен сот үкімдері өзгертіліп, аталған қосымша жаза ҚК-нің тиісті бабының санкциясында көзделмегендіктен алынып тасталуда.

ҚК-нің 50-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, «белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, егер сот жасалған іс-әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін және кінәлі адамның жеке басын ескере отырып, оның белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір

қызметпен айналысу құқығының сақталуы мүмкін емес деп таныса, ол ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті қылмыстық құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін»¹.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ЖС-ның 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 НҚ-ның 19-тармағына сәйкес, «қосымша жазалар сотталушыны кінәлі деп танитын ҚК-нің бабында белгіленген шектерде тағайындалады»².

Алайда, бұл нормативтік қаулыда ҚК-нің 51-бабын қолдану тәртібі көзделмеген.

Осыған орай, ҚК-нің 51-бабын жаңа 3-бөлікпен толықтыру мақсатқа сай деп, келесі нұсқада көздеу қажет деп санаймыз:

«Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында тиісті құқық бұзушылық үшін қосымша жаза ретінде көзделмеген жағдайларда да тағайындалуы мүмкін»³.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>

³ Бектен А.С. Қылмыстық жаза тағайындаудың формуласы / оқу-әдістемелік құралы, 2023ж. ISBN 978-601-81094-1-6, <https://academy-rep.kz/uploads/998-f6192935e8b9f661d0e83ef02928e94b.pdf>

*Қылмыстық жауаптылық пен жазаны
жеңілдететін мән-жайлар*



ҚК-нің 53-бабының 1-бөлігінің 1) тармағына сәйкес, «мән-жайлардың кездейсоқ тоғысуы салдарынан алғаш рет қылмыстық теріс қылық жасау қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар деп танылады»¹.

Аталған баптың 1-бөлігінде көзделмеген мән-жайлар да жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескерілуі мүмкін.

Егер жеңілдететін мән-жай ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол өзінен-өзі жаза тағайындау кезінде қайтадан ескерілмейді.

Мысалы, ҚК-нің 118-бабының 1-бөлігі, 247-бабының 1 және 2-бөліктері, 287-бабының 1-бөлігі және өзге де қылмыстық теріс қылықтар бойынша баптардың ескертулерінде жауаптылықтан босату туралы нақты ережелер көзделген.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

*Қылмыстық жауаптылық пен жазаны
ауырлататын мән-жайлар*

Егер ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігінде көрсетілген мән-жай ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында қылмыстық құқық бұзушылық белгісі ретінде көзделген болса, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде қайтадан ескерілмейді.

Жаза тағайындау кезінде сот ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігінде көрсетілмеген мән-жайларды ауырлататын мән-жайлар деп тани алмайды.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ЖС-ның 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 НҚ-ның 4-тармағына сәйкес, «ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігінде көрсетілген жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар тізбесі түпкілікті болып табылады, осыған байланысты, қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кездегі немесе сотталушыны сипаттайтын сот анықтаған өзге де мән-жайлар (маскүнемдікке салыну, қоғамдық тәртіпті бұзу, отбасына, жұмысына, оқуына көзқарасы және т.б.) жаза тағайындалған кезде ескерілуі мүмкін, бірақ жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар ретінде танылмайды»¹.

¹ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>

ҚК-нің 54-бабының 1-бөлігінің 12) тармағына сәйкес, сот қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына қарай масаң күйде қылмыс жасауды жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танымауға құқылы¹.

Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау

2015 жылға дейін ҚК-нің 55-бабының талаптарын қолдануға онша мән берілмеген болса, 2014 жылы қабылданған ҚК белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындауды міндеттейді.

ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігінің талаптарын теріс қылыққа қалай қолдану қажеттігін жіктеп көрелік.

Мысалы, сотталушы ҚК-нің 187-бабының 1-бөлігінде көзделген ұсақ-түйек жымқыру, яғни болмашы мөлшерде алаяқтық жолмен бөтеннің мүлкін ұрлап, жәбірленуші жеке тұлғаға 5200 теңге материалдық залал келтірді делік.

Болмашы мөлшер дегеніміз ҚК-нің 3-бабының 10) тармағына сәйкес, ұйымға тиесілі мүліктің он АЕК-ден аспайтын немесе жеке

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

тұлғаға тиесілі мүліктің екі АЕК-ден аспайтын құны.

1 АЕК-нің мөлшері 2023 жылы 3450 теңгені құрады (2 АЕК х 3450 теңге = 6900 теңге). Келтірілген залал мөлшері 6900 теңгеге жетпейтіндіктен сотталушының әрекеті дұрыс сараланған деп танылады.

ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімнің немесе мөлшердің, яғни қылмыстық теріс қылық жасаған кезде – жартысынан асыруға болмайды¹ (2-кестені қараңыз).

2-кесте. ҚК-нің 187-бабы мен 55-бабының ережелерін салыстыру туралы.

№	ҚК-нің 187-бабының 1-бөлігінің санкциясында көзделген негізгі жазалардың түрі мен мөлшері	ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігін қолдану негізінде асыруға болмайтын мерзім мен мөлшердің жартысы
1	80 АЕК-ге дейінгі мөлшерде айыппұл салу	40 АЕК-ге дейінгі мөлшерде айыппұл салу

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

2	80 АЕК-ге дейінгі түзеу жұмыстарына тарту	40 АЕК-ге дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту
3	80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту	40 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту
4	20 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу	10 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу

Жаза тағайындаған кезде оның жоғары шегін анықтап алдық. Ал, енді ҚК-нің 187-бабының 1-бөлігінің санкциясындағы жазалардың ең төменгі шегін де анықтауымыз қажет¹.

3-кесте. ҚК-нің 55-бабы мен түсіруге болмайтын ең төменгі мерзімі, мөлшерінің шегі туралы.

№	Тағайындалатын жазалардың түсіруге болмайтын ең төменгі мерзімі мен мөлшерінің шегі	ҚК-нің 55-бабының 2-бөлігін қолдану негізінде асыруға болмайтын мерзім мен мөлшердің жартысы
1	20 АЕК мөлшерінде айыппұл салу (ҚК-нің 41-бабының 2-бөлігі)	40 АЕК-ге дейінгі мөлшерде айыппұл салу
2	20 АЕК-ден бастап түзеу жұмыстарына тарту (ҚК-нің 42-бабының 3-бөлігі)	40 АЕК-ге дейінгі мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту
3	20 сағат мерзімнен бастап қоғамдық жұмыстарға тарту (ҚК-нің 43-бабының 2-бөлігі)	40 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту
4	10 тәулік мерзімнен бастап қамаққа алу (ҚК-нің 45-бабының 2-бөлігі)	10 тәулік мерзімге қамаққа алу

¹ Бектен А.С. Қылмыстық жаза тағайындаудың формуласы / оқу-әдістемелік құралы, 2023 ж. ISBN 978-601-81094-1-6, <https://academy-rep.kz/uploads/998-f6192935e8b9f661d0e83ef02928e94b.pdf>.

Егер сотталушыға қамаққа алу жазасы тағайындалатын болса, оның мөлшерін 10-нан асыруға, сондай-ақ 10-нан түсіруге де болмайтынын көріп тұрмыз (3-кестені қараңыз). Демек, оған тек 10 тәулік мерзімге ғана қамаққа алу жазасы тағайындалуы тиіс.

**Қылмыстық теріс қылық бойынша
процестік келісім жасалмайды**

«Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» ЖС-ның 2016 жылғы 7 шілдедегі №4 НҚ-ның 5-тармағына сәйкес, «қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша кінәні мойындау туралы келісім жасасу заңда көзделмеген»¹.

Адам қылмыстық теріс қылық және кінәні мойындау туралы келісім жасалатын қылмыс жасаған кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы олар бойынша істерді біріктірмеуі тиіс. Өйткені қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу хаттамалық нысанда, ал қылмыс туралы іс бойынша іс жүргізу процестік келісім шеңберінде ҚПК-нің 63-тарауында көзделген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

¹ «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000004S>

Адам қылмыстық теріс қылық және кінәні мойындау туралы келісімге қол жеткізілмеген және жасалмаған қылмыс жасаған кезде, олар бойынша қылмыстық істер ҚПК-нің 526-бабының 4-бөлігіне сәйкес анықтау не алдын ала тергеу нысанында бірыңғай іс жүргізу үшін біріктірілуі мүмкін.

Осы жоғарыда көрсетілген НҚ-ның 6-тармағына сәйкес, «егер сотқа кінәні мойындау келісімі жасалған аса ауыр қылмыстар санатына жатпайтын қылмыстар мен қылмыстық теріс қылық істері біріктірілген іс келіп түссе, онда сот ҚПК-нің талаптарына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу мүмкіндігін бере отырып, істі алдын ала тыңдаудан прокурорға кері қайтарады»¹.

*Қылмыстық құқық бұзушылықтар
жиынтығы бойынша жаза тағайындау*

ҚК-нің 58-бабының 1-бөлігінде «қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы кезінде сот әрбір құқық бұзушылық үшін бөлек жаза (негізгі және қосымша) тағайындап, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы немесе тағайындалған жазаларды толық немесе ішінара

¹ «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000004S>

қосу арқылы түпкілікті жазаны айқындайды»¹ деп көрсетілген.

Ал, енді қылмыстар жиынтығына қандай баптар кіреді, қандай баптар алынып қалады, жаза қалай, қай бап бойынша тағайындалады? Алдымен соны анықтап алу қажет.

Мысалы, бір сотталушыға біркелкі қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін анықтама жүргізу органымен 3 эпизодтан тұратын айып тағылған. Сотта оның жауаптылығы мен жазасын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар табылған жоқ. Сотталушының әрекеттерінің саралануы мен оған жаза тағайындау формуласы төмендегідей болып келеді².

4-кесте. ҚК-нің 187-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығымен жаза тағайындау тәсілі туралы.

№	Анықтау органымен тағылған айыптар	Сотта саралануға тиіс баптар	Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығымен жаза тағайындау тәсілі
1	187-бабының 1-бөлігі	187-бабы 1- бөлігі	ҚК-нің 187-бабының 2-бөлігімен 15 тәулік мерзімге қамаққа алу
2	187-бабының 2-бөлігі	187-бабы 2- бөлігі	
3	187-бабының 2-бөлігі	187-бабының 2-бөлігі	

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² Бектен А.С. Қылмыстық жаза тағайындаудың формуласы / оқу-әдістемелік құралы, 2023 ж. ISBN 978-601-81094-1-6, <https://academy-rep.kz/uploads/998-f6192935e8b9f661d0e83ef02928e94b.pdf>.

Бұл жерде көріп тұрғандарыңыздай, 4-кестеде көрсетілген 1 және 2-эпизодтар бойынша тағылған айыптар ҚК-нің ең ауырлау бабымен тағылған теріс қылықпен саралануға жатады.

Нәтижесінде ҚК-нің 187-бабының 2-бөлігімен ғана жаза тағайындалады.

«Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ЖС-ның 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 НҚ-ның 3-тармағына сәйкес, «егер бірнеше рет жасау қылмыстық-құқықтық нормада саралаушы белгі ретінде көрсетілсе, онда белгілі бір адамның бірнеше ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауы осы қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше рет жасағаны үшін жауаптылық көздейтін ҚК-нің тиісті бабы (бабының бөлігі) бойынша тұтастай саралауға жатады»¹.

Әр түрлі саралаушы белгілерді көздейтін ҚК-нің белгілі бір бабының әр түрлі бөліктерінде қаралған бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтар жасалған кезде, бұл әрекеттер тек баптың неғұрлым қатаң жаза белгілейтін және барлық саралаушы белгілерін қамтитын бөлігі бойынша ғана тұтастай саралануға жатады.

Мұндай жағдайларда қылмыстық заңның осы бабының өзге бөліктерінде көрсетілген әрекеттерге қатысты анықталған қылмыстық

¹ «Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2006ж. №11 нормативтік қаулысы, 10.61.42.188/kaz/docs/P06000011S_

құқық бұзушылықтың саралаушы белгілері бойынша айып тағылуға жатады және үкімде көрсетілуі тиіс.

Енді түсінікті болу үшін жазаларды сіңіру мен қосу қандай жағдайда жүзеге асырылатынын бөліп қарастырайық (5-кестені қараңыз).

5-кесте. Қылмыстық құқық бұзушылық санаттары мен түпкілікті жаза түрлері туралы.

№	Қылмыстық құқық бұзушылық санаттары	Түпкілікті жаза түрі	Ескерту
1	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында тек қылмыстық теріс қылықтар қамтылса	онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы не жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады	Бұл ретте айыппұл түріндегі жазаның түпкілікті мөлшерін – 400 АЕК-ден, ал қоғамдық жұмыстарға тарту немесе қамаққа алу түріндегі жазаның түпкілікті мерзімін тиісінше 400 сағаттан немесе 50 тәуліктен асыруға болмайды
2	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына тек қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар кірсе	онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады	
3	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар	түпкілікті жаза онша қатаң емес	Бұл ретте бас бостандығынан

	жиынтығына ауыр немесе аса ауыр қылмыс кірсе	жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы немесе жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады	айыру түріндегі түпкілікті жазаны жиырма жылдан асыруға болмайды
4	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшін ҚК-де жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс кірсе	онда түпкілікті жаза жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалады	Бұл ретте бас бостандығынан айыру түріндегі түпкілікті жазаны жиырма бес жылдан асыруға болмайды
5	Егер қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығына жасалғаны үшін ҚК-де жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген ең болмағанда бір аса ауыр қылмыс, сондай-ақ жасалғаны үшін айыппұл тағайындалған қылмыстық теріс қылық кірсе	онда түпкілікті жаза онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы тағайындалады	
6	Егер жиынтыққа кіретін қылмыс үшін өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалса	онда түпкілікті жаза өмір бойына бас бостандығынан айыру түрінде тағайындалады	

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ЖС-ның 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 НҚ-ның 14-тармағында «жеңілірек жазаны неғұрлым ауыр жазаға сіңіру қағидатын қолданған кезде жазалардың қатаңдық дәрежесі ҚК-нің 40-бабында қандай ретпен көрсетілсе, сондай рет бойынша анықталатынын соттардың ескергендері жөн»¹ деп көрсетілген.

Мысалы, қылмыстар жиынтығы бойынша тағайындалған айыппұл жазасы 6-кестедегі ретпен одан кейін тұрған жазаларға сіңіріледі. Сондай-ақ, басқа жазалардың барлығы ең ауыр жаза бас бостандығынан айыру жазасына сіңірілуі тиіс (6-кестені қараңыз).

6-кесте. ҚК-нің әртүрлі баптарымен тағайындалатын қылмыстық жазалар туралы.

ҚК-нің баптары	Тағайындалатын қылмыстық жазалар
345-бабының 1-бөлігі	100 АЕК мөлшерінде айыппұл салу
288-бабының 1-бөлігі	100 АЕК мөлшеріндегі түзеу жұмыстарына тарту
287-бабының 1-бөлігі	100 сағат мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту
200-бабының 2-бөлігінің 3-тармағы	5 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу
192-бабының 2-бөлігінің 5-тармағы	6 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру
ҚК-нің 58-бабының 3-бөлігі онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті 6 жылға бас бостандығынан айыру	

¹ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>

Жоғарыда аталған НҚ-ның 17-тармағының 3-абзацына сәйкес, «егер қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға немесе бас бостандығын шектеуге сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазасын толық өтегенге дейін қылмыстық теріс қылық жасаса, ҚК-нің 60-бабының қағидалары қолдануға жатпайды. Мұндай жағдайларда үкімдер дербес орындалуы тиіс»¹.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ЖС-ның 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №15 НҚ-ның 14 және 16-тармақтарына сәйкес, «ҚК-нің 58-бабының 2 және 4-бөліктерінде онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша, сондай-ақ егер қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы өзіне ең болмағанда бір аса ауыр қылмысты және жасағаны үшін айыппұл тағайындалған қылмыстық теріс қылықты қамтыса, онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы ғана түпкілікті жазаны тағайындау көзделеді»².

¹ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>

² «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №15 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000015S>

Осыған байланысты, егер осы норма қолданысқа енгізілгенге дейін адам онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша, сондай-ақ аса ауыр қылмысы және жасағаны үшін айыппұл тағайындалған қылмыстық теріс қылығы үшін сотталса және оған жаза оларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалса, онда соттың үкімді орындау тәртібімен жазаны онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы айқындағаны жөн.

Адам заң қолданысқа енгізілгенге дейін ауыр және аса ауыр санатқа жатқызылған және оған жаза қылмыстардың жиынтығы бойынша жазаларды ішінара немесе толық қосу арқылы тағайындалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған кезде, сот үкімді орындау тәртібімен, егер бұл іс-әрекет заңда қылмыстық теріс қылықтарға, сондай-ақ онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылықтар санатына жатқызылса, қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру қағидасын қолданады.

ПІКІР

Барлық теріс қылықтардың баптарын (бөліктерін, тармақтарын) ҚПК-ге арнайы баппен тізімдеп көрсету қажет деп санаймыз.

Мәселен, ҚПК-нің 32-бабының 1-бөлігінде жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипатына және ауырлығына қарай қылмыстық

кудалау мен сотта айыптау жекеше, жекеше-жариялы және жариялы тәртіппен жүзеге асырылатыны көрсетілген. Жекеше айыптау мен жекеше-жариялы айыптау істерінің ішінде теріс қылықтар да бар.

Жалпы, құқық бұзушылықтың қылмыстық теріс қылыққа жататынын немесе жатпайтынын әрбір баптың санкциясына үңіліп қарап отырмас үшін, ҚК-нің қай бабы, қай бөлігі қылмыстық теріс қылықтарға жататынын көздейтін ҚПК-ге нақты арнайы бап енгізу мәселесін қарастыруды ұсынамыз.

Оған дәлел ретінде қылмыстарды да (онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр) осы күнге дейін ҚК-нің 11-бабында көзделген бас бостандығынан айыру жазасының (2, 5, 12 жылдан аспайтын, 12 жылдан асатын) мөлшеріне қарай ажырататынымызды айтамыз.

1.3. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың ерекшеліктері

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ЖС-ның 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 НҚ-ның 11-тармағына сәйкес, «соттар қылмыстық теріс қылық жасаған не бірінші рет қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ, олардың түзелу мүмкіндігі туралы мәселені талқылаулары және ҚК-нің 65, 66, 67, 68, 69, 70-баптарында көрсетілген негіздер болған кезде

ондай адамдарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатқандары жөн»¹.

Соттың адамды қылмыстық жазалау шараларын қолданбай-ақ түзеуге болатындығы туралы тұжырымы істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттелуге әрі сотталушының жеке басына қатысты мәліметтерге негізделуге тиіс.

Осы НҚ-ның 16-1-тармағында «ҚК-нің 65-бабы 1-бөлігінің ережелері қылмыстық теріс қылық жасаған немесе алғаш рет қылмыс жасаған адамға қатысты әдетте мынадай мән-жайлардың жиынтығы болған кезде қолданылады:

- оның ҚПК-нің 182-бабына сәйкес ресімделген кінәсін мойындап келуі;

- қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, тергеп-тексеруге ықпал етуі;

- қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянның орнын толтыруы»² деп көрсетілген.

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ЖС-ның 2001 жылғы 21 маусым №4 НҚ-ның 3-тармағына сәйкес, «ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігін қолдану негізінде қылмыстық теріс қылық жасаған адам, егер ол

¹ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>

² Сол жерде

келтірілген зиянның есесін толтырса және ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса немесе медиация тәртібімен татуласса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуға жатады¹.

ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігін қолдану негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған тұлғаны жаңадан теріс қылық жасаған жағдайда да, қайталап тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатуға тыйым салынбаған. Ал, ҚК-нің 68-бабы 4-бөлігінің 8) тармағының талаптары тек қылмыс жасаған тұлғаларға ғана арналған.



Сот қылмыстық теріс қылықты не қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес, жасалғаны үшін ҚК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабында немесе бабының бөлігінде негізгі жазалардың өзге де түрлері қатарында айыппұл көзделген онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмысты алғаш рет жасаған адамды кепілгерлік белгілей отырып,

¹ «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 21.06.2001ж. №4 нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S_

жазадан босатуы мүмкін (ҚК-нің 69-бабының 1-бөлігі) ¹.

Кепілгерлік белгілеу жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген айыппұлдың ең жоғары мөлшеріне тең мөлшерде кепіл енгізуден тұрады.

Кепілгерлік мерзімі қылмыстық теріс қылық жасалған кезде – 6 айдан 1 жылға дейін белгіленеді.

ҚК-нің 70-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам, егер іс сотта қаралған уақытта жағдайдың өзгеруі салдарынан ол жасаған іс-әрекет қоғамға қауіпті болудан қалды деп танылса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.



Қылмыстық теріс қылықты алғаш рет жасаған адам, егер осы адамның содан кейінгі мінсіз мінез-құлқына байланысты іс сотта қаралған уақытта оның қоғамға қауіпті деп есептелмейтіні анықталса, соттың қылмыстық жауаптылықтан босатуына жатады.

Егер қылмыстық теріс қылық жасалғаннан кейін 1 жыл өтсе, адам қылмыстық

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

жауаптылықтан босатылады»¹ (ҚК-нің 71-бабының 1-бөлігінің 1) тармағы).

Мысалы, «2022 жылы 10 мамырда сотталушы С. Энск ауданында тіркеу белгісі 0001 МА 64 автокөлігімен басты жолда келе жатқан маркасы Лада автокөлігіне жол берместен басты жолға шығып, соқтығысып, абайсызда Лада автокөлігінде болған жолаушылар Э., Ж., Д. және аталған автокөліктің жүргізушісі Е.-нің денсаулығына орташа зиян келтіруге әкеп соққан жол-көлік оқиғасын жасаған.

2023 жылы 20 мамырда Атырау облысының Энск аудандық соты С.-ны ҚК-нің 345-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танып, ҚК-нің 71-бабы 1-бөлігінің 1) тармағына сәйкес ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатқан. Сотталушыдан процестік шығындар және мәжбүрлі төлем өндірілген»².

Сонымен қатар, ескіру мерзімдері – қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күн мен сот үкімі күшіне енген кезге дейінгі аралықта есептеледі.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² Атырау облыстық сотының мұрағатынан, 2023 ж. <https://office.sud.kz/courtActs/index.shtml>

«Қылмыстық теріс қылықтар бойынша ескіру мерзімдерінің өтуі жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қарамастан тоқтатыла тұрмайды және үзілмейді»¹.



«Қылмыстық теріс қылық үшін сотталған адамды, егер өрт немесе дүлей зілзала, отбасының еңбекке қабілетті жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше мән-жайлардың салдарынан оның отбасы үшін аса ауыр зардапқа әкеп соққан мән-жайлар туындаса, сот жазадан босатуы мүмкін»² (ҚК-нің 76-бабының 1-бөлігі).

«Сот үкімі туралы» ЖС-ның 2018 жылғы 20 сәуірдегі №4 НҚ-ның 8-тармағының 4-абзацында «қылмыстық теріс қылық жасаған адамға қатысты айыптау үкімі төтенше мән-жайлардың салдарынан оның отбасы мүшелері үшін аса ауыр зардапқа әкеп соққан жағдайда да қылмыстық жаза тағайындалып және оны өтеуден босатылып шығарылуы мүмкін»³ деп көрсетілген.

ҚК-нің 77-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі оның заңды күшіне енген

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² Сол жерде

³ «Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі №4 нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000004S>

күнінен бастап есептегенде: қылмыстық теріс қылық үшін сотталғанда – 1 жыл мерзімде орындалмаған болса, жазаны өтеуден босатылады».



«Қылмыстық теріс қылық жасаған адамдар рақымшылық жасау туралы актінің негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адамдар жазадан босатылуы мүмкін не оларға тағайындалған жаза қысқартылуы немесе жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін не мұндай адамдар жазаның қосымша түрінен босатылуы мүмкін»¹ (ҚК-нің 78-бабының 2-бөлігі).

ҚК-нің 79-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жазадан босатылған, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады².

«Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» ЖС-ның 2002 жылғы 11 сәуірдегі №6 НҚ-ның 14-тармағына сәйкес, егер кәмелетке толмаған

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711>

² Сол жерде

адамдардың түзелуі мен қайтадан тәрбиеленуіне ҚК-нің 84-бабында көзделген тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен қол жеткізу мүмкін болса, соттар үлкен қоғамдық қауіп тудырмайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған кәмелетке толмаған адамдарға қылмыстық жаза қолдану жағдайларына жол бермеуге тиіс¹.

Мынадай екі негіздің жиынтығы болған кезде:

- сотталған адам қылмыстық теріс қылық жасағаны немесе онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бірінші рет сотталса;

- егер тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен оның түзелуіне қол жеткізілуі мүмкін болса, ҚК-нің 83-бабының 2-бөлігі бойынша тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары қолданыла отырып жазадан босатылуы мүмкін.

Мысалы, 2023 жылғы 20 маусымда кәмелетке толмаған Б. Энск қаласында орналасқан «ААА» азық-түлік дүкені жанында келе жатқанда жерде жатқан металдан жасалған төрт ойығы бар «кастет»

¹ «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі №6 Нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P02000006S_

суық қаруын көрген. Б. аталған «кастеттің» суық қаруға жататынын біле тұра, алдағы уақытта қорғануға қажет болады деген оймен, оны заңсыз екенін біле тұра, қоңыр сөмкесіне салып, өзімен бірге алып жүрген. Кейіннен, жолаушылар пойызына отыру үшін вокзалға кіре берісте орналасқан рентген-телевизиялық құрылғысы арқылы өту барысында қоңыр сөмкесінен «кастет» суық қаруы табылған.

Сот Б.-ны ҚК-нің 287-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі деп танып, ҚК-нің 83-бабының 1-бөлігіне сай оны қылмыстық жауаптылыққа тартпай-ақ, түзетуге болатынын ескеріп, қылмыстық жауаптылықтан босатқан¹.

¹ Ақтөбе облыстық сотының мұрағатынан, 2023 ж.
<https://office.sud.kz/courtActs/index.xhtml>

2-ТАРАУ.	ҚЫЛМЫСТЫҚ	ТЕРІС
ҚЫЛЫҚ ІСТЕРІН	СОТТА	ҚАРАУ
БАРЫСЫНДА	ОРЫН	АЛАТЫН
МӘСЕЛЕЛЕР		

2.1. Қылмыстық теріс қылық істерін сотта қараудың ерекшелігі

Зерттеу барысында қылмыстық теріс қылық істерін сотта қараудың ерекшелігі анықталды. Оған келесі факторлар жатады:

- басты сот талқылауы өткізілмейді;
- қылмыстық теріс қылық істерін сотта қарау барысында хаттаманы судья өзі жариялайды;
- прокурор (мемлекеттік айыптаушы) айыптың мәнін баяндамайды;
- дәлелдемелерді зерттеу (жауап алу, істің материалдарын зерттеу және т.б.) мен сот жарыссөзі қалай өтетіні жөнінде қылмыстық-процестік заңнамада жіктеп жазылмаған және ашып көрсетілмеген;
- жалпы қылмыстық теріс қылық істерін сотта қараудың нақты процедурасы көзделмеген.

«Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» ЖС-ның 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 НҚ-ның 3-тармағының 6-абзацына сәйкес, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша ҚПК-нің 41-тарауында көзделген басты сот

талқылауын тағайындау және алдын ала тыңдауды өткізу қағидалары қолданылмайды¹.

Судья келіп түскен қылмыстық теріс қылық туралы істі дереу іс жүргізуге қабылдайды. Ол ҚПК-нің 529-бабына сәйкес сотқа келіп түскен сәттен бастап 15 тәуліктің ішінде немесе түскен күні мәні бойынша қаралып, ҚПК-нің 529-бабының 4-бөлігінде көзделген жағдайларда келесі шешімдердің бірі қабылдануы тиіс:

- ҚПК-нің 46-тарауында көзделген тәртіппен айыптау немесе ақтау үкімін шығарады;

- ҚПК-нің 35 және 36-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде істі тоқтатады;

- қылмыс белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жібереді.

ҚПК-нің 529-бабының 1-бөлігіне сәйкес, іс сотқа келіп түскеннен кейін судья істі іс жүргізуге қабылдап және қылмыстық теріс қылық туралы істі қарауға кірісе отырып:



¹ «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000010S>

істі кімнің қарайтынын, қай істің қаралуға жататынын, кімнің және ҚК-нің қай бабының негізінде жауаптылыққа тартылатынын жариялайды

сотталушының, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың келгеніне көз жеткізеді

іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және заңды өкілдері болған кезде – олардың, қорғаушының өкілеттігін тексереді

іс бойынша іс жүргізуге қатысатындардың келмеу себептерін анықтайды және істі көрсетілген адамдардың қатысуынсыз қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды

қажет болған жағдайларда істі қарау кезінде қатысуы міндетті болып табылатын адамды күштеп әкелу туралы қаулы шығарады, аудармашы тағайындайды

істі қарауға қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді

мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтінішхаттарды шешеді

қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы, ал қажет кезде істің өзге де материалдарын жария етеді

мыналарға:

- егер судьяға қарсылық білдіру істің мәні бойынша қаралуына кедергі келтіретін болса, оның өздігінен бас тартуы немесе оған қарсылық білдіру туралы мәлімдеуге;
- егер қорғаушыға, уәкілетті өкілге, сарапшыға немесе аудармашыға қарсылық білдіру істің мәні бойынша қаралуына кедергі келтіретін болса, көрсетілген қарсылық білдіруге;
- істі қарауға қатысатын адамдардың келуі немесе іс бойынша қосымша материалдар талап етіп алдыру қажеттігіне байланысты істі қарауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарады. Қажет болған жағдайда, судья сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады

Судья қылмыстық теріс қылық туралы істі қарауға кірісе отырып, сотталушыны, іс бойынша іс жүргізуге қатысатын басқа да адамдарды, маманның түсінігін және сарапшының қорытындысын тыңдайды, өзге дәлелдемелерді зерттейді. Қажет болған жағдайларда, ҚПК-де көзделген басқа да процестік әрекеттерді жүзеге асырады¹.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер келіп түскен кезден бастап сотта **15 тәулік ішінде** қаралуға жатады.

Процеске қатысушылардың өтінішхаттары келіп түскен не істің мән-жайын қосымша анықтау қажет болған жағдайда, қарау мерзімі **бір айдан** аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жазалау ретінде Қазақстан Республикасынан тысқары шығарып жіберу көзделген, сондай-ақ ол бойынша күдікті ҚПК-нің 128-бабының тәртібімен ұстап алынған қылмыстық теріс қылықтар туралы істер сотқа келіп түскен күні қаралады.

Сот қылмыстық теріс қылықтар туралы істерді қараған кезде прокурордың қатысуы **міндетті**.

Бұл санаттағы істерді қарау нәтижесімен сот төмендегідей шешімдердің бірін қабылдайды.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

Атап айтқанда, судья қылмыстық теріс қылық туралы істі қарап шығып:



ҚПК-нің 46-тарауында көзделген тәртіппен айыптау немесе ақтау үкімін шығарады

ҚПК-нің 35 және 36-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде істі тоқтатады

қылмыс белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жібереді (ҚПК-нің 529-бабының 6-бөлігі)



Соттың қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша шығарған үкімі өзінің нысаны мен мазмұны бойынша ҚПК-нің 388 және 389-баптарының талаптарына сәйкес келуге тиіс¹.

Қылмыстық теріс қылық туралы іс бойынша шешім істі қарау аяқталғаннан кейін дереу жарияланады. Іс бойынша шешімнің көшірмесі сотталушыға, жәбірленушіге және прокурорға дереу табыс

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

етіледі. Көрсетілген адамдар болмағанда, шешімнің көшірмесі оларға **3 тәулік** ішінде жіберіледі.

ҚПК-де көзделген тәртіппен және мерзімдерде іс бойынша сот шешіміне жалпы негіздерде шағым жасауға, оны прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға және наразылық білдіруге болады.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша сот актілері кассациялық тәртіпте қайта **қарауға жатпайды**. Апелляциялық сот алқасы соңғы сот сатысы болып табылады.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» ЖС-ның 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 НҚ-ның 12-тармағына сәйкес, адамды қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттау соттылыққа әкеп соқпайды¹.

Қылмыстық теріс қылық жасауда күдік келтірілетін, айыпталатын кәмелетке толмағандарға күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасы **қолданылмайды**.

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша іс, егер:

- жиналған дәлелдемелер арқылы қылмыстық теріс қылық фактісі және оны жасаған адам анықталса;

¹ «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S>

- күдікті қылмыстық құқық бұзушылық жасаудағы өз кінәсінің қолда бар дәлелдемелеріне дау айтпаса, өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) саралануына, келтірілген нұқсанның (зиянның) мөлшеріне (сомасына) келіссе;

- санкция негізгі жаза түрлерінің бірі ретінде айыппұлды, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түрінде міндетті қосымша жаза түрін көздесе;

- күдікті істі дәлелдемелерді зерттемей, өздерін істі сотта қарауға шақырмай және қатыстырмай, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, ал жәбірленуші бұған келісім білдірсе, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

«Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» ЖС-ның 2018 жылғы 29 қарашадағы №17 НҚ-ның 10-тармағының 3-абзацында «егер қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығында қылмыстық теріс қылықтар, сонымен қатар онша ауыр емес қылмыстар болса, онда істі онша ауыр емес қылмыстар туралы істер бойынша белгіленген тәртіппен сотқа жіберіледі» деп көрсетілген ¹.

Бұйрықтық іс жүргізу істері бойынша шығарылған үкімдердің өз ерекшеліктері бар.

¹ «Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 29.11.2018 ж. №17 Нормативтік қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000017S>

ҚПК-нің 629-6-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сотпен айыптау үкімі сотталған адамға, оның қорғаушысына, жәбірленушіге және прокурорға ол шығарылған күннен бастап **бір тәуліктен кешіктірілмей** жіберіледі.



Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен шығарылған сот актісіне прокурор оның көшірмесін алған кезден бастап **жеті тәулік ішінде** өтінішхат келтіре алады¹ (ҚПК-нің 629-7-бабы).

«Жекеше айыптау істері бойынша сот практикасы туралы» ЖС-ның 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №13 НҚ-ға сәйкес², ҚК-нің 131-бабында көзделген қылмыстық теріс қылықтар туралы істердің соттылығын айқындау кезінде мынадай ережелерді негізге алу керек. Адам өз атына айтылған қорлауды естіген (алған) кезде қорлау құрамы аяқталған болып саналады. Осыған байланысты адресатқа пошта не факсимильді байланыс немесе әлеуметтік желілер арқылы жіберу жолымен не телефон арқылы ауызша нысанда білдірілген қорлау фактісі бойынша қылмыстық істерді сот қорланған адамның тұрған жері бойынша қарауға тиіс.

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

² «Жекеше айыптау істері бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №13 Нормативтік қаулысы, https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000013S_

2.2. Жауаптылық пен жаза көлемі бойынша кейбір қылмыстық теріс қылықтарды әкімшілік құқық бұзушылықтармен салыстыру

Тәжірибеде кездесетін кейбір мәселелерге зер салып қарасақ, қылмыстық теріс қылықтың жазасы мен жауаптылығы бұрыннан қолданыста келе жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарағанда төмен екені байқалады.

Зерттеу жүргізу барысында «қылмыстық теріс қылық» пен «әкімшілік құқық бұзушылық» бойынша көзделген жауаптылықтың арасында едәуір қарама-қайшы келетін тұстары анықталды.



ӘКБТК-нің 61-бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жаза қолданылған тұлға әкімшілік жазаны орындау аяқталған күннен бастап **бір жыл** ішінде, ал ірі кәсіпкерлік субъектілері жасаған, қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша – **үш жыл** ішінде осы жазаға тартылды деп есептеледі¹.

Ал, ҚК-нің 79-бабының 2-бөлігіне сәйкес, жазадан босатылған, сондай-ақ қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады.

¹ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі, 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235>

«Құқықтық актілер туралы» ҚР-дың 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 10-бабының 2-бөлігінің 3) тармағына сәйкес¹, барлық кодекстер, соның ішінде ҚК және ӘҚБтК саты (иерархия) бойынша бір деңгейде тұр.

Айта кететін жәйт, ешбір заңнамада қай кодекстің (әкімшілік құқық бұзушылықтар, қылмыстық теріс қылықтар) деңгейі жоғарырақ екені нақты көрсетілмеген.

Мысалы, тұлға бір күннің ішінде (15.01.2024 ж.) әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылық жасайды. Әрине, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылық істері бөлек соттармен қаралады. Осы екі бөлек кодексте көзделген әрекеттері үшін соттар оған айыппұлдар (қаулы 18.01.2024 ж.; үкім 31.01.2024 ж.) салды делік.

Бұдан соң, тұлға екі айыппұлды да (01.02.2024 ж.) төлеген кезде – қылмыстық теріс қылық бойынша оның сотталғандығы жоқ, ал әкімшілік іс бойынша бір жыл ішінде (01.02.2025 ж. дейін) жазаға тартылған деп есептеледі.

Оның үстіне, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін жауаптылық ауырырақ, ал жаза мөлшері көбірек болып келеді.

Осылайша, әкімшілік жауаптылықтың іс жүзінде қылмыстық теріс қылықтар үшін

¹ «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, №480-V 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/Z1600000480>.

көзделген жауаптылықтан да едәуір үлкен күшке ие екенін көруге болады.

Олардың айырмашылықтары тек шығарылатын үкім мен қаулыда ғана.

Жоғарыда аталған Заңның 12-бабының 3-бөлігіне сәйкес, бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған кезде қолданысқа кешірек енгізілген акт нормалары немесе қолданысқа кешірек енгізілген актіге сәйкес келетін норма қолданылады¹.

ҚК және ӘҚБтК бір күнде (2015 жылғы 1 қаңтар) қолданысқа енгізілді.

Біздің ойымызша, заңнамаларда кодекстердің нақты иерархиясы көзделмесе де, қоғамға қауіптілік дәрежесіне қарай қылмыстық кодекс әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен әлдеқайда жоғары тұруы тиіс.

Теріс қылық бойынша ең ауыр жаза ретінде «қамаққа алу» көзделгенімен, ҚК-нің 467-бабының 1-1-бөлігінің талабына сәйкес оның қолданылуы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылып тұр.

Ал, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға әкімшілік қамаққа алу жазасын тағайындау еш қиындық тудырмайды. Өйткені, әр ауданда бұл жазаны орындайтын арнайы қамау орындары бар.

¹ «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, №480-V 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/Z1600000480>.

Тағы бір ерекшелігі, қылмыстық теріс қылық үшін жаза тағайындалған соң қайталап теріс қылық жасаған тұлғаға «бірнеше рет жасау» саралаушы белгісі тағылмайды.

Арнайы заңнамамен бекітілмесе де, ӘҚБтК-нің сатылық деңгейінің ҚК-ден төмен тұратынын білдіретін (дәлелдейтін) бірқатар нормаларды атап өтейік.

Мысалы, ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің көптеген баптарының диспозицияларында «егер бұл әрекетте (әрекетсіздікте) қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса», «егер осы іс-әрекеттер заңда белгіленген қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса» деген сөз тіркестері жазылған.



Бұл жөнінде ӘҚБтК-нің 25-бабының 2-бөлігінде «ӘҚБтК-нің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін, егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды» - деп нақтыланған¹.

Ал, ӘҚБтК-нің 62-бабының 6-бөлігіне сәйкес, құқық бұзушының әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, тұлға

¹ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі, 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235>

оны тоқтату туралы шешім келіп түскен күннен бастап **үш айдан** кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін ¹.

Сонымен қатар, әрекеттің қылмысқа, теріс қылыққа немесе әкімшілік құқық бұзушылыққа жататыны келтірілген зиянның мөлшеріне қарай да анықталады.

Мысалы, тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы контрабандалық жолмен өткізген адамның әрекеттері тауарлардың құны он мың айлық есептік көрсеткіштен асса (ірі мөлшер) – ҚК-нің 234-бабы бойынша, ал бұл мөлшерден төмен болса – өткізу тәсіліне қарай ӘҚБтК-нің 548-551-баптары бойынша сараланады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, өткен 2023 жылы республика бойынша соттармен 320923 тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылған. Ал, қылмыстық теріс қылық жасап, жауапқа тартылғандардың саны – небәрі 3999.

Осыған орай, біздің ойымызша, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмыстық теріс қылықтың сотталғандық (жауапқа тартылғандық) мерзімдерін теңестіре отырып, ҚК-нің 79-

¹ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі, 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған, <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235>

бабының 2 және 3-бөліктерін толықтырып, келесі нұсқада қарастыру қажет деп санаймыз¹:

2. Жазадан босатылған адам сотталғандығы жоқ деп танылады.

3. Сотталғандық:

1) қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін бір жыл өткен соң;

2) шартты түрде сотталған адамдарға қатысты – пробациялық бақылау мерзімі өткен соң;

3) бас бостандығынан айыруға қарағанда жазаның неғұрлым жеңіл түрлеріне сотталған адамдарға қатысты – жазаны іс жүзінде өтеген соң;

4) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін үш жыл өткен соң;

5) ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты – жазаны өтегеннен кейін алты жыл өткен соң;

6) аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты жазаны өтегеннен кейін сегіз жыл өткен соң жойылады.

Заңгер Л.Т. Жанұзақованың ойынша нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы ҚР Конституциясының қағидаттары мен нормаларына сәйкес құрылуға, логикалық тұрғыдан тексерілуге, қарама-қайшы емес және аяқталған болуға тиіс. ҚР-дың «Құқықтық актілер туралы» Заңы – нормативтік құқықтық актілерге қойылатын

¹ Бектен А.С. Құқықтық жауаптылықтың қай түрінің жүгі ауыр? // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының хабаршысы, №2 (6), 2024

негізгі талаптарды, оларды әзірлеу мен қабылдау рәсімдерін белгілейтін негіздемелік заң болып табылады. Онда бекітілген нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы қайта ойластыруды және қайта қарауды қажет етеді¹.

Ол өзінің еңбегінде кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізетін заңдар кодекстермен бір деңгейде тұру қажеттігін және т.б. өзекті мәселелерді атап өткен.

Мысал ретінде, көршілес Қырғызстан Республикасының 2019 жылғы 1 қаңтарда қолданысқа енген «Теріс қылық туралы» кодексі 2021 жылғы 21 қазандағы Заңмен 2021 жылғы 1 желтоқсанда күшін жойған².

Бұл кодекс Қылмыстық кодекстен бөлек қабылданғанымен, небәрі 3 жылға жуық қолданыста болған. Бұл заңнама жобасының бастамашылары теріс қылықтар туралы кодексті тәжірибеде қолдану кезінде құқық қорғау және сот органдарында теориялық ережелердің коллизиялары мен бәсекелестіктеріне байланысты қиындықтар туындағанын түсіндірген.

Ал, Қазақстанда ҚК-нің теріс қылықтар туралы нормалары 10 жылдан астам уақыт бойына ешбір қиындықсыз қолданылып келеді.

¹ Жанұзақова Л.Т. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы туралы // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы, №2 (69)-2022, 32-39 б.

² Қырғызстан Республикасының Теріс қылықтар туралы кодексі, 2017 жылғы 24 қаңтарда қабылданған, 2021 жылғы 28 қазандағы №126 Заңмен күшін жойған, https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34166859.

Осыған орай, көрсетілген мәселелер бойынша қазіргі кезде барлық кодекстер бір деңгейде болуына байланысты құқықтық актілердің сатысын айқындайтын ең негізгі құжат – «Құқықтық актілер туралы» ҚР-дың 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 10-бабын 6-бөлікпен толықтырып, келесі нұсқада көздеу қажет деп есептейміз¹:

6. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексінен бір саты жоғары тұрады

2.3. Қылмыстық теріс қылық істері бойынша хаттама жасау барысында туындайтын қиындықтар

Қоғамдық қауіптілігі төмен және тергеп-тексеру үшін онша қиындық тудырмайтын қылмыстық теріс қылықтарды анықтау және тергеп-тексеруге құқық қорғау органдарының елеулі күштері жұмылдырылады. Сонымен бірге, оның көп бөлігі бұрынғы әкімшілік құқық бұзушылықтар екені белгілі.

Қылмыстық теріс қылық істері бойынша хаттама жасау нысанының маңызды критерийлерінің бірі және айрықша ерекшелігі

¹ Бектен А.С. Құқықтық жауаптылықтың қай түрінің жүгі ауыр? // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының хабаршысы, №2 (6), 2024

қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасау мерзімі болып саналады.

Бұл хаттама негізгі және түпкілікті іс жүргізу құжаты болғандықтан, мұнда қылмыстық істерді тергеп-тексерудің барлық мерзімі көзделеді.



ҚПК-нің 526-бабына сәйкес, анықтау органы жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі шегінде ҚПК-нің 64-бабының 1-бөлігінің 4) тармағында көзделген тәртіппен адамнан күдікті ретінде жауап алынған кезден бастап 10 тәулік ішінде қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасайды ¹.

Қазіргі кездегі құқық қолдану тәжірибесінде бірнеше теріс қылықтар жасалған жағдайда, әрбір эпизодты көрсету арқылы бір хаттама жасалады. Тәжірибе осылай жалғасып келеді, бірақ сүйенетін ешбір нақты норма жоқ.

Себебі, қолданыстағы заңнамаларда әрбір теріс қылық эпизодтары бойынша бөлек хаттама жасау керектігі туралы арнайы нормалар да көзделмеген.

Мысалы, бір іспен сотқа ҚК-нің әртүрлі баптарында (187-бабының 1-бөлігі және 149-бабының 1-бөлігі) немесе бір бабында (187-бабының 1 және 2-бөліктері) көзделген

¹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>

қылмыстық теріс қылықтарға қатысты бір хаттама жолдануы мүмкін.

Сол себепті, республика аумағында тәжірибе әркелкі қалыптаспауы үшін әртүрлі теріс қылық бойынша «бір» (немесе «бөлек») хаттама жасау, сондай-ақ бөлек хаттамаларды бір іске біріктіру қажеттігі жөнінде алдағы уақытта ҚПК-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз.

Бұдан басқа, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдіктінің іс-әрекеті қылмыстық құқық бұзушылықтан теріс қылыққа қайта сараланған жағдайда, хаттама қай уақыттан бастап жасалатыны қылмыстық-процестік заңнамада жазылмаған.

Мысалы, ҚК-нің 188-бабынан ҚК-нің 187-бабына қайта дәрежеленетін болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық істі анықтау органына тергеулігі бойынша жолдауға міндетті. Осы аралықтағы мерзімдердің қалай есептелетіні туралы да заңнамада **көрсетілмеген**. Себебі, әр құқық бұзушылықтың тергеулігін екі бөлек орган жүзеге асырады.

Ал, қылмыстық істің сотта қаралуы барысында қылмыстан теріс қылыққа кез келген уақытта еш кедергісіз қайта сараланып, істің қаралуы еш қиындықсыз жалғаса береді.

Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында, іс-әрекеттің қылмыстан қылмыстық теріс қылыққа қайта дәрежеленуі кезінде

хаттаманы қай уақытта жасау керектігі және оны жасаудың мерзімін ұзарту жөнінде қылмыстық-процестік заңнамада нақты норма көзделуі тиіс деген тұжырым жасаймыз.

Өзіндік бақылау сұрақтары

1. Қылмыстық теріс қылық істерін сотта қарау барысында мемлекеттік айыптауды қолдау жүзеге асырылады ма?

2. Қылмыстық теріс қылық істері бойынша сот жарыссөздері және қысқаша қарсылықтар (репликалар) қарастырылған ба?

3. Процеске қатысушылар, соның ішінде мемлекеттік айыптаушы сот жарыссөзін, репликаны процестің қай кезеңінде сөйлейді?

4. Қылмыстық теріс қылық ұғымы алғаш қашан қолданысқа енгізілді?

5. Қылмыстық теріс қылық дегеніміз не?

6. Бір қылмыстық теріс қылық әрекеттерін екі адам (адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы) жасаған жағдайда, неше хаттама жасалады?

7. Қылмыстық теріс қылықты бірнеше рет жасау белгісі бойынша бөлек хаттама жасалуы мүмкін бе?

8. Әртүрлі бапта көзделген үш теріс қылық әрекеттерін бір адам жасаған жағдайда, қанша хаттама толтырылады?

9. Адамды қылмыстық теріс қылық әрекетін жасағаны үшін айыптау жөніндегі істі сотта қарау барысында оның әрекеті қылмыс болып табылса, сот қандай шешім қабылдауы керек?

10. Ұсақ-түйек ұрлау қылмыстық теріс қылық әрекеті тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз

кірумен жасалған жағдайда, кінәлі тұлғаның әрекеті қалай саралануы тиіс?

11. Қылмыстық теріс қылықты қылмыстан және әкімшілік құқық бұзушылықтардан қалай және қандай белгілер арқылы ажыратуға болады?

12. ҚК-нің Ерекше бөлігіндегі баптарға немесе баптардың бөліктеріне қарап оның қандай құқық бұзушылыққа жататынын қалай білуге болады?

13. Қылмыстық теріс қылықтың жауаптылық пен жаза тұрғысынан қылмыстан жоғары немесе әкімшілік құқық бұзушылықтардан төмен тұратын кездері бар ма?

14. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша процестік келісім неліктен жасалмайды?

15. Қазіргі кезде қамаққа алу жазасы неліктен қолданылмайды немесе сирек қолданылады?

16. Бұрын қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға немесе бас бостандығын шектеуге сотталған адам үкім шығарылғаннан кейін, бірақ жазасын толық өтегенге дейін қылмыстық теріс қылық жасаса, не себептен ҚК-нің 60-бабының қағидалары қолданылуға жатпайды?

17. Неліктен қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін сотталған адам сотталғандығы жоқ деп танылады? Ал, әкімшілік жаза қолданылған тұлға әкімшілік жазаны орындау аяқталған күннен бастап неге бір жыл ішінде осы жазаға тартылды деп есептеледі?

18. Не себепті қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша басты сот талқылауын тағайындау және алдын ала тыңдауды өткізу қағидалары қолданылмайды?

19. Бұл санаттағы істерді қарау нәтижесімен сот қандай шешімдердің бірін қабылдайды?

20. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер кассациялық тәртіпте қайта қаралуға жатады ма?

21. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер қандай негіздермен бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады?

22. Егер қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығында қылмыстық теріс қылықтар мен қатар онша ауыр емес қылмыстар болса, сотқа жіберу тәртібі қандай?

23. Бұрын жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылған тұлғаны ҚК-нің 68-бабының 1-бөлігімен жаңадан жасаған қылмыстық теріс қылығы үшін қайталап дәл осы негізбен босатуға болады ма?

24. Егер қылмыстық теріс қылық істері бойынша алдын ала тыңдау мен басты сот талқылауы өткізілмесе, сот процесі қандай тәртіппен өткізіледі?

25. Қылмыстық теріс қылық істерін сотта қарау барысында хаттаманы неліктен судьяның өзі жариялайды?

26. Қылмыстық теріс қылық істерін сотта қарау барысында дәлелдемелерді зерттеу (жауап

алу, істің материалдарын зерттеу және т.б.) қалай жүзеге асырылады?

27. Қылмыстық теріс қылықтар бұрын қандай кодекстерде орналасты?

28. Бұрын ҚК-де және ӘҚБтК-де болмаған жаңа қылмыстық теріс қылық әрекеттерін (әрекетсіздікті) атай аласыз ба?

29. Қылмыс пен қылмыстық теріс қылықтар қылмыстар жиынтығы бойынша ҚК-нің 58-бабы негізінде қалай қосылады?

30. Түзеу жұмыстары бойынша сотталған адамның жалақысынан ай сайын ұсталатын қаражат неліктен Жәбірленушілерге өтемақы қорына аудару арқылы орындалады?

Тест тапсырмалары

1. Қандай қылмыстық істер бойынша мемлекеттік айыптау қамтамасыз етіледі?

а) жеке айыптау істерін қоспағанда, барлық қылмыстық істер бойынша

ә) соттың қалауы бойынша

б) прокуратура басшысының қалауы бойынша

в) сотталушының өтінішхаты бойынша

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату үшін ескіру мерзімдері қалай есептеледі?

а) қылмыстық құқық бұзушылық жасалған күннен бастап

ә) айыптау үкімі шыққан күннен бастап

б) қылмыстық іс ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылған күннен бастап

в) айыптау үкімі заңды күшіне енген күннен бастап

3. Қандай санаттағы қылмыстық істер бойынша алдын ала тыңдау өткізілмейді?

а) қылмыстық теріс қылық

ә) ауырлығы орташа

б) ауыр

в) онша ауыр емес

4. Қылмыстық теріс қылық істері бойынша сотталушының ҚК-нің қай бабының негізінде жауаптылыққа тартылатынын кім жариялайды?

- а) судья
- ә) мемлекеттік айыптаушы
- б) сот отырысының хатшысы
- в) жәбірленуші

5. Сот процесінде сотталушыға тағылған айыптың мәнін өзгертуге кім құзыретті?

- а) мемлекеттік айыптаушы
- ә) судья
- б) жәбірленуші
- в) сот тергеуінде айыптың мәнін өзгертуге болмайды

6. Қылмыстық теріс қылық істері бойынша сот процесінде дәлелдемелерді зерттеу қалай жүргізіледі?

- а) нақты тәртібі толық белгіленбеген
- ә) сот белгілеген тәртіппен
- б) қорғаушы ұсынған тәртіппен
- в) қылмыстық іс материалдарының тізімдемесі бойынша

7. Қазіргі кезде қамаққа алу жазасы неліктен қолданылмайды немесе сирек қолданылады?

- а) жазаның қолданылуы 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатылған
- ә) арнайы қамаққа алу орындары ашылмаған

б) бұл жаза 1997 жылдан бастап қолданылмайды

в) ешқандай себебі жоқ

8. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша процестік келісім неліктен жасалмайды?

а) заңнамамен тыйым салынған

ә) бас бостандығынан айыру жазасы көзделмегендіктен

б) бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қаралуға жататындықтан

в) процестік келісімнің екі нысанындағы талаптарға сәйкес келмейтіндіктен

9. Ұсақ-түйек ұрлау қылмыстық теріс қылық әрекеті тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған жағдайда, кінәлі тұлғаның әрекеті қалай саралануы тиіс?

а) ҚК-нің 187-бабының 1-бөлігімен

ә) ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 3) тармағымен

б) тұрғын-жайға заңсыз кіру белгісі фабулада қала береді

в) оған мән берудің қажеті жоқ

10. Түзеу жұмыстары бойынша сотталған адамның жалақысынан ай сайын ұсталатын қаражат неліктен Жәбірленушілерге өтемақы қорына аудару арқылы орындалады?

а) заңнамамен нақты белгіленген

ә) республикалық бюджет салық және басқа да төлемдермен толады

б) Жәбірленушілерге өтемақы қорын толтыру үшін

в) жәбірленушілерге келтірілген зиянды өтеу үшін

ҚОРЫТЫНДЫ

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша істерді сотта қарау мен мемлекеттік айыптауды қолдау аясында мәселелер орын алатындығы қорытындыланды. Ең алдымен әкімшілік пен қылмыстық құқық бұзушылықтардың ара-жігін ажыратып, қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне қарай қай құқық бұзушылықтың ауырырақ екенін айқындап алу ең негізгі міндет болып саналады.

Зерттеу барысында «қылмыстық теріс қылық», «қылмыс» және «әкімшілік құқық бұзушылық» институттары арасындағы қоғамға қауіптілік дәрежесі ажыратылды. Яғни қылмыстық теріс қылық салааралық байланыстардың болуымен сипатталады, шағын немесе төменгі дәрежедегі қылмыстық жазаланатын әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) қамтиды деген қорытынды жасалды.

Сонымен қатар теріс қылықтарда іс-әрекетті тұрғын, қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасау белгісі де көзделмегендігі байқалды. Сот-тергеу практикасы жасырын ұрлау қылмысын болмашы мөлшердегі ұсақ-түйек жымқыруға қайта дәрежелеген кезде тұрғын үй-жайға заңсыз кіру белгісі алынып қалатынын көрсетті. *Осыған байланысты* құқық бұзушылықтың қылмыстық теріс қылыққа жататынын немесе жатпайтынын

көздейтін ҚПК-ге нақты арнайы бап енгізу туралы тұжырым жасалды.

Аталған санаттағы істер бойынша айыппұл салу жазасына қатысты ҚК мен ӘҚБтК нормалары арасында қарама-қайшылық анықталып, ӘҚБтК-нің 677-бабының санкциясына өзгертулер енгізу туралы мәселені қарастыру ұсынылды.

Оған қоса, ҚК-ге қылмыстық теріс қылық ұғымы қосылғалы оның жазасы мен жауаптылығы жағынан әкімшілік құқық бұзушылықтан еш айырмашылығы болмай қалды. Керісінше, әкімшілік жауаптылыққа қарағанда оның едәуір төмен екендігі жөнінде нақты практикадағы мысалдармен расталды. Сондықтан, жауаптылықты көздейтін кодекстердегі (ҚК мен ӘҚБтК) іс-әрекеттердің қоғамға қауіптілік дәрежесін ескеретін заңдық күшіне қарай сатысы (иерархиясы) болуы және олар міндетті түрде заңмен бекітілуі тиіс деген қорытынды жасалды.

Сот-тергеу практикасын зерделеу барысында, қылмысты қылмыстық теріс қылыққа қайта дәрежелееу кезінде хаттаманы қай уақытта жасау керектігі және оны жасау мерзімін ұзарту жөнінде қылмыстық-процестік заңнамаға тиісті норма енгізу туралы мәселені қарастыру ұсынылды.

Сондай-ақ, республика аумағында тәжірибе әркеткі қалыптаспауы үшін әртүрлі теріс қылық бойынша «бір» (немесе «бөлек») хаттама жасау, сондай-ақ бөлек хаттамаларды бір іске біріктіру қажеттігі жөнінде алдағы уақытта ҚПК-ге

өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігіне назар аударылды.

Қорыта келе, мазмұндалған мәселелерді заңнамада тиімді регламенттеу, аталған санаттағы істерді сотта қарау рәсімдерін жетілдіру арқылы қылмыстық теріс қылықтар бойынша мемлекеттік айыптауды тиімді қолдауға болады.

ҚОСЫМША

ҮЛГІ

«КЕЛІСЕМІН»

Алматы ҚПД

Әуезов аудандық

ПБ ӘПБ бастығы

14.02.2024 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Алматы қаласы

Әуезов ауданының

прокуроры

15.02.2024 ж.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ТУРАЛЫ
ХАТТАМА

2024 жылғы 14 ақпан

№2375123456789 іс

Алматы қаласы

ХАТТАМАНЫ КІМ ЖАСАДЫ: Алматы қаласының Әуезов ПБ ӘПБ бастығы, полиция подполковнигі _____ С.

КҮДІКТІНІҢ ЖЕКЕ БАСЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР:

Тегі, аты, әкесінің аты: _____

Туған күні: _____

Туған жері: _____

Тұрғылықты орны: _____

Ұялы тел: _____

Азаматтығы: _____

Білімі: _____

Отбасылық жағдайы: _____

Жұмыс немесе оқу орны: _____

Сотталғандығы: _____

Паспорт немесе өзге құжат, жеке куәлік

(ЖСН, ҚР ІІМ-мен берілген күні): _____

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ
ЖАСАЛҒАН ОРЫН МЕН УАҚЫТ, ОҚИҒА,
ОНЫҢ ТӘСІЛДЕРІ, СЕБЕПТЕРІ,
САЛДАРЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЕЛЕУЛІ
МӘН-ЖАЙЛАР:**

27.08.2023 жылы сағат 21:00 уақытында Р. Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Момышұлы көшесі бойындағы №20 ғимараттың тұсында, Жол жүрісі қағидасының 14.106 тармағын (көлік құралының жүргізушісі өзінің жүру бағытындағы жолдың жүру бөлігін реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі бойымен өтіп келе жатқан жаяу жүргіншілерге жол береді) қатаң бұзып, А142ҮТ rus 131 мемлекеттік тіркеу белгісімен, 2014 ж.ш., қара түсті, «Mazda» маркалы автомобильді басқарып, арнайы белгісі бар жаяу жүргінші өтетін жерде, қауіпті жағдайға қарамай, көше бойында ақпараттық көрсеткіштік белгілермен, яғни 5.16.1 және 5.16.2 жаяу жүргіншілер өтпесі белгісіне назар аудармай, көлік құралының қозғалыс бағытындағы жүріс бөлігін реттелмейтін жаяу жүргінші өтпесі арқылы, Момышұлы даңғылының шығыс бағытына жүріп бара жатқан, әлі жолдан толық өтпеген жаяу жүргінші М.-ны қағып кетіп, жол-көлік оқиғасын жасаған.

Нәтижесінде жаяу жүргінші 19.11.2002 ж.т. М. дене жарақаттарымен Алматы қаласының №12 қалалық клиникалық ауруханасына жеткізілген.

Осы жол-көлік оқиғасы бойынша жүргізілген сот-медициналық сараптамасының 21.11.2023 жылғы №24-13/1758 қорытындысына сәйкес, жәбірленуші М.-ның оң жақ ацетабулярлық шұқыр сүйегінің жабық сынуы, бел омыртқасының бұлшық еттері мен байламдарының созылуы, бел аймағының жұмсақ тіндерінің көгеруі, сол жақ қолының, мықын аймағының абразиясы секілді жарақаттар медициналық көмекке жүгінгенге дейін автомобиль шанағының шығыңқы бөліктерінен болуы мүмкін қатты доғал заттың (заттардың) әсерінен алынған және 21 күннен асатын мерзімге денсаулықтың қысқа мерзімді бұзылуының белгісі бойынша денсаулыққа ОРТА дәрежедегі зиян келтірілген.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ БОЛУЫН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫНЫҢ КІНӘЛІЛІГІН РАСТАЙТЫН НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР:

1. ЖКО сызбасы;
2. ЖКО анықтамасы;
3. Көлік құралының техникалық жай-күйін тексеру және қарау хаттамасы;
4. Жол-көлік оқиғасы болған жерді қарап тексеру хаттамасы;
5. 21.11.2023 жылғы №24-13/1234 сот-медициналық сараптамасының қорытындысы;

6. Жәбірленушіден жауап алу хаттамасы;

7. Күдіктіден жауап алу хаттамасы.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТІҢ ЕРЕКШЕ
БӨЛІГІНДЕ КӨЗДЕЛГЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ
ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:**

Сөйтіп, 19.04.2001 ж.т. Р. автомобильді басқарып келе жатып, жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы түріндегі ҚК-нің 345-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылықты жасаған.

**ЖӘБІРЛЕНУШІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР,
ОҒАН КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫҢ СИПАТЫ
МЕН МӨЛШЕРІ:**

М., 19.11.2002 ж.т., тұрғылықты мекен жайы: Алматы қаласы, Қалқаман ы/а, 19 үй, 102 пәтер, ұялы телефоны _____. Тәндік зиян келтірілген.

ҚК-нің 48-бабына сәйкес ықтимал тәркілеуге жататын мүлкі жоқ.

ҚК-нің 53-бабының 1-бөлігінің 11-тармағына сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар: шын ниетпен өкінуі.

ҚК-нің 54-бабына сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар: анықталған жоқ.

Күдікті наркологиялық және жүйке аурулар мекемесінде есепте тұрмайтын немесе тұратыны туралы мән-жайлар: есепте тұрмайды.

**СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҮЛҒАНЫҢ
ШЕШІМДЕРІ:**

– **СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТІЛІН
АЙҚЫНДАУЫ:**

Қазақ тілінде жүргізіледі.

– **ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ
ФОРМАТЫН ТАҢДАУЫ:**

Электрондық нысанда.

– **ҚОРҒАУШЫНЫ ТАРТУЫ:**

Қорғаушы Т.

– **АУДАРМАШЫНЫ ТАРТУЫ:**

Аудармашы Қ.

**ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
МІНДЕТТЕРІН ТҮСІНДІРУ:**

Қорғаушы Т.-ға ҚПКнің 70-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді, көрсетілген баптан құқықтары мен міндеттері бар үзінді көшірмесі тапсырылды.

Қорғаушы Т. _____

Аудармашы Қ.-ға ҚПК-нің 81-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді, көрсетілген баптан құқықтары мен міндеттері бар үзінді көшірмесі тапсырылды.

Аудармашы Қ. _____

– **ІСКЕ ТІРКЕЛГЕН НЕМЕСЕ ЗАТТАЙ
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР РЕТІНДЕ ТАНЫЛҒАН
ҚҰЖАТТАР МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮЛІК
ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТТЕР:**

Р.-дан алу хаттамасымен алынған жүргізуші куәлігі заттай дәлелдеме ретінде танылып, қылмыстық іс материалына тігілді;

Р.-дан ОБЖ хаттамасымен алынған А142УТ rus 131 мемлекеттік тіркеу белгісімен, 2014 ж.ш., қара түсті, «Mazda» маркалы автомобиль заттай дәлелдеме ретінде танылып, тиістілігі бойынша Р-ға сақтау қолхатымен берілді.

– ІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ШЫҒЫНДАР:

Медициналық құжаттарды зерделеген кездегі сот медициналық сараптама жүргізу құны – 20 504, 45 тенгені құрайды.

Күдікті мен оның қорғаушысы қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен және қылмыстық іс материалдарымен таныстырылды:

Іс материалдармен және қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен таныстық. Арыздар мен шағымдарымыз жоқ.

Күдікті және азаматтық жауапкер: _____
Р.

Күдіктінің қорғаушысы: _____
Т.

Баяндалғанның негізінде және ҚПК-нің 63, 119, 191, 527, 528-баптарын басшылыққа ала отырып, осы қылмыстық теріс қылық туралы хаттама анықтау органының бастығына жіберілсін.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ
ТУРАЛЫ ХАТТАМАҒА ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУ ФАКТІСІН**

**РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР МЕН НӘРСЕЛЕР
ДЕ ҚОСА ТІРКЕЛЕДІ.**

**Алматы қаласының
Әуезов аудандық
ПБ ӘПБ бастығы,
полиция подполковнигі _____С.**

*ҮЛГІ***«КЕЛІСЕМІН»****Тараз қаласының
ПБ 1-ПБ-нің бастығы****15.04.2024 ж.****«БЕКІТЕМІН»****Тараз қаласының
прокуроры****16.04.2024 ж.****ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ТУРАЛЫ
ХАТТАМА**

2024 жылғы 15 сәуір

№ _____ іс

Тараз қаласы

ХАТТАМАНЫ КІМ ЖАСАДЫ: Тараз қаласының ПБ 1-ПБ КПБ-нің жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты _____ С.**КҮДІКТІНІҢ ЖЕКЕ БАСЫ ТУРАЛЫ
ДЕРЕКТЕР:**

Тегі, аты, әкесінің аты: _____

Туған күні: _____

Туған жері: _____

Тұрғылықты орны: _____

Ұялы тел: _____

Азаматтығы: _____

Білімі: _____

Отбасылық жағдайы: _____

Жұмыс немесе оқу орны: _____

Сотталғандығы: _____

Паспорт немесе өзге құжат, жеке куәлік

(ЖСН, ҚР ПМ-мен берілген күні): _____

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ
ЖАСАЛҒАН ОРЫН МЕН УАҚЫТ, ОҚИҒА,
ОНЫҢ ТӘСІЛДЕРІ, СЕБЕПТЕРІ,
САЛДАРЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЕЛЕУЛІ
МӘН-ЖАЙЛАР:**

13.02.2024 жылы Ж. есірткі заттарды, ірі мөлшерде өткізу мақсатынсыз заңсыз сақтауға, тасымалдауға деген ойы туындап, сол қылмыстық құқық бұзушылыққа бағытталған ойын жүзеге асыру үшін Тараз қаласы, Абай даңғылы №16 мекенжайда тұратын Д.-дан есірткі заты екендігін біле тұра, 40 000 теңге ақшалай қаражатына сатып алған есірткі заттарын Ж. құқық қорғау органдарының қызметкерлері көріп қоймау мақсатында өзінің Тараз қаласы, Сейфуллин көшесі №24 мекенжайдағы үйіне алып барып, тығып қойған.

14.02.2024 жылы Тараз қаласы ПБ 1-ПБ жедел тергеу тобы Ж.-ның Тараз қаласы, Сейфуллин көшесі №24 мекенжайдағы үйіне тергеу судьясының санкциясынсыз тінту жүргізіп, үйдің ауласында орналасқан сарай ішінен, екі пакетке оралған есірткі заты сақталған күйінде орналасқаны анықталып, куәгерлердің қатысуымен аталған есірткі затына алу жүргізілген.

Сарапшының 04.03.2024 жылғы №587 қорытындысына сәйкес, зерттеуге ұсынылған №1-нысандағы есірткі заты – «кептірілген марихуана»

болып табылатыны, жалпы салмағы 990,15 грамм, №2-нысандағы есірткі заты - «кептірілген марихуана», жалпы салмағы – 35,4 граммды құрайтыны анықталған.

Сөйтіп, Ж. ҚК-нің 296-бабының 3-бөлігінде көзделген, яғни ірі мөлшерде есірткі затын өткізу мақсатынсыз заңсыз иемдену, сақтау түріндегі қылмыстық теріс қылықты жасаған.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТЫҢ БОЛУЫН ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫНЫҢ КІНӘЛІЛІГІН РАСТАЙТЫН НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР:

- тергеу судьясының санкциясынсыз жүргізілген тінту хаттамалары, тінту кезіндегі бейнежазбалар;

- сарапшылардың қорытындысы;

- күдіктіден жауап алу хаттамасы;

- Тараз қаласы мамандандырылған тергеу сотының аталған тінтуді заңды деп тану туралы қаулысы;

ҚК-нің 53-бабына сәйкес Ж.-ның жауаптылығы мен жазасын жеңілдететін мән-жайға шын ниетпен өкінуі жатады.

ҚК-нің 54-бабына сәйкес Ж.-ның жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

- Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары мен арнайы органдарының ақпараттық алмасу жүйесінің базасынан сұратылған мәліметке сәйкес, күдікті Ж. Жамбыл облыстық

наркологиялық диспансерінің есебінде 01.03.2023 жылдан бастап тұрады.

- Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары мен арнайы органдарының ақпараттық алмасу жүйесінің базасынан сұратылған мәліметке сәйкес, күдікті Ж. Жамбыл облыстық психиатриялық диспансерінің есебінде тұрмайды.

- Жамбыл облысы бойынша ҚР Бас Прокуратурасы жанындағы ҚСЖАЕК-нің мәліметіне сәйкес Ж. бұрын сотты болған.

- Сарапшының №42/5.3 қорытындысына сәйкес, Ж. маскүнемдікпен, нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен зардап шекпейді, оған қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеп емдеу шараларын қолдану ұсынылмайды.

ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСТІҢ ЕРЕКШЕ БӨЛІГІНДЕ КӨЗДЕЛГЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

Сөйтіп, Ж. ҚК-нің 296-бабының 3-бөлігінде көзделген есірткі заттарын ірі мөлшерде заңсыз иемдену, сақтау түріндегі қылмыстық теріс қылықты жасаған.

ЖӘБІРЛЕНУШІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР, ОҒАН КЕЛТІРІЛГЕН ЗАЛАЛДЫҢ СИПАТЫ МЕН МӨЛШЕРІ:

-ЖОҚ.

КУӘГЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРДІҢ, ЕГЕР ОЛАР БАР БОЛСА, ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ (БАР БОЛСА), МЕКЕНЖАЙЛАРЫ:

- Т. _____;

- М. _____

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ІЗДЕРІН АЛУ
БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН ҒЫЛЫМИ-
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖЕТКІЗГІШТЕР:**

- «Panasonic» маркалы бейнекамерасы.

**СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ
ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАНЫҢ
ШЕШІМДЕРІ:**

**– СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТІЛІН
АЙҚЫНДАУЫ:**

Қазақ тілінде жүргізіледі.

**– ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ
ФОРМАТЫН ТАҢДАУЫ:**

Электрондық нысанда.

– ҚОРҒАУШЫНЫ ТАРТУЫ:

Қорғаушы Т.

– АУДАРМАШЫНЫ ТАРТУЫ:

-жоқ.

**ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН
МІНДЕТТЕРІН ТҮСІНДІРУ:**

Қорғаушы Т.-ға ҚПКнің 70-бабында көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді, көрсетілген баптан құқықтары мен міндеттері бар үзінді көшірмесі тапсырылды.

Қорғаушы Т. _____

**ІСКЕ ТІРКЕЛГЕН НЕМЕСЕ ЗАТТАЙ
ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР РЕТІНДЕ ТАНЫЛҒАН
ҚҰЖАТТАР МЕН ӨЗГЕ ДЕ МҮЛІК
ЖӨНІНДЕ МӘЛІМЕТТЕР:**

- заттай дәлелдеме №1-нысандағы есірткі заты – «кептірілген марихуана», жалпы салмағы 990,15 грамм, №2-нысандағы есірткі заты - «кептірілген марихуана», жалпы салмағы – 35,4 грамм үкім шығарылғанға дейін Тараз қаласының ПБ 1-ПБ сақтау камерасында сақталады.

ІС ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ШЫҒЫНДАР:

- Сарапшының 04.03.2024 жылғы №587 қорытындысы – 33703,94 теңгені құрады.

- Сарапшының 21.03.2024 жылғы №641 қорытындысы – 22802,40 теңгені құрады.

- Сарапшының 20.03.2024 жылғы №79 қорытындысы – 31701,96 теңгені құрады

- Сарапшының 18.03.2024 жылғы №42/5.3 қорытындысы – 2352,30 теңгені құрады.

АЗАМАТТЫҚ ТАЛАПКЕР ДЕП ТАҢУ:

- жоқ.

ҚОРҒАУШЫ ҚЫЗМЕТІНЕН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ (бар болса):

- болған жоқ.

Күдікті мен оның қорғаушысы қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен және қылмыстық іс материалдарымен таныстырылды:

Іс материалдармен және қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен таныстық. Арыздар мен шағымдарымыз жоқ.

Күдікті және азаматтық жауапкер:

Ж.

Күдіктінің қорғаушысы:

Т.

Баяндалғанның негізінде және ҚПК-нің 63, 119, 191, 527, 528-баптарын басшылыққа ала отырып, осы қылмыстық теріс қылық туралы хаттама анықтау органының бастығына жіберілсін.

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚ
ТУРАЛЫ ХАТТАМАҒА ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖАСАУ ФАКТІСІН
РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР МЕН НӘРСЕЛЕР
ДЕ ҚОСА ТІРКЕЛЕДІ.**

**Тараз қаласының
ПБ 1-КПБ-ның жедел уәкілі,
полиция аға лейтенанты _____ С.**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАРКӨЗДЕР ТІЗІМІ:

Ғылыми әдебиеттер

1. Сейтенов К.К. Понятие уголовного правонарушения в законодательстве Республики Казахстан: современное состояние и перспективы развития // Правовое государство: теория и практика. 2022. №3 (69). – С.165-170.

2. Уголовные проступки в системе правонарушений Республики Казахстан: теоретические, правовые и организационные аспекты: Монография / [Коллектив авторов]. Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре РК. – Косшы, 2020. – С.77.

3. Рахметов С.М. Понятия преступления и уголовного проступка в законодательстве Республики Казахстан // Система «Юрист». https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38244881&pos=6;-111#pos=6;-111

4. Нұрхан А.С. Қылмыстық теріс қылықтар үшін көзделген жазалар жүйесі: заманауи жағдайы мен даму үрдістері / философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Астана, 2023. – 130 б.

5. Рустемова Г.Р. О категории «уголовный проступок» в правоприменительной деятельности Республики Казахстан // Модернизация уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства в

условиях цифровой трансформации общества: Сборник материалов международного круглого стола (19 мая 2022 года) Косши: Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, 2022. – С.29.

6. Бектен А.С. Қылмыстық жаза тағайындаудың формуласы / оқу-әдістемелік құралы, 2023 ж. ISBN 978-601-81094-1-6, <https://academy-rep.kz/uploads/998-f6192935e8b9f661d0e83ef02928e94b.pdf>.

7. Бектен А.С. Құқықтық жауаптылықтың қай түрінің жүгі ауыр? // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясының хабаршысы, №2 (6), 2024.

8. Жанұзақова Л.Т. Нормативтік құқықтық актілердің иерархиясы туралы // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы, №2 (69)-2022, 32-39 б.

9. Нұрхан А.С. Қылмыстық теріс қылықтар үшін көзделген жазалар жүйесі: заманауи жағдайы мен даму үрдістері / философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Астана, 2023. – 175 б.

10. Карипова А.Т., Маханов Т.Г. Анализ санкций уголовно-правовых норм, установленных за коррупционные преступления по уголовному законодательству Республики Казахстан // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2019. №3 (57). – с.88-94.

11. Комментарий к уголовному кодексу Республики Казахстан (Общая часть). Под ред. д.ю.н., профессор Борчасвили И.Ш. Астана, Издательство LEM, 2015. – 500 с.

12. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. - Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 648 с.

Құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226#z1711> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, 04.07.2014ж., [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі: 2014 жылғы 5 шілдеде қабылданған, [Электронды ресурс] – қолжетімді

режим: <http://10.61.42.188/kaz/docs/K1400000235>
(жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

5. Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңы, №480-V 2016 жылғы 6 сәуірде қабылданған, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <http://10.61.42.188/kaz/docs/Z1600000480.>,
(жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

6. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуын және жиынтығын саралау туралы: Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №11 Нормативтік қаулысы. [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000011S_
(жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

7. Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы №1 Нормативтік қаулысы. [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P04000001S_
(жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

8. Жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 29 маусымдағы

№3 Нормативтік қаулысы. [Электронды ресурс] – қолжетімді режим:
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P110000003S>
 (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

9. Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим:
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P07000001S_
 (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

10. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 21.06.2001ж. №4 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим:
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P01000004S_,
 (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

11. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 12.06.2023 жылғы №122 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық істер бойынша сотта мемлекет мүдделеріне өкілдік етуді және заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық».

12. Қырғызстан Республикасының Теріс қылықтар туралы кодексі, 2017 жылғы 24 қаңтарда қабылданған, 2021 жылғы 28 қазандағы №126 Заңмен күшін жойған, https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34166859.

13. «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P150000004S> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

14. «Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы №17 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000017S> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

15. «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 8 желтоқсандағы №10 нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000010S> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

16. «Соттардың қылмыстық істер бойынша келісімдік тәртіпте іс жүргізу практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі №4 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000004S> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

17. «Жекеше айыптау істері бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №13 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P06000013S_ (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

18. «Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P180000004S> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

19. «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 6-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы №15 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P160000015S> (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

20. «Кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтары және оларды қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы өзге де іс-әрекеттер жасауға тарту жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 11 сәуірдегі №6 Нормативтік қаулысы, [Электронды ресурс] – қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020000006S_ (жүгінген күні: 30.09.2024ж.).

**Бектен Айболат Саматұлы
Маханов Талғат Ғабитұлы
Куаналиев Ануар Амангельдиевич**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАР
БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК
АЙЫПТАУДЫ ҚОЛДАУ**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Пішімі 60x90/16
Шартты баспа парақтары 6,67

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясы» ММ
010078, Ақмола облысы, Қосшы қ.,
Республика к., құрылыс-94

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының баспаханасында
басылып шықты